

**УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ
СТУДЕНТ КӨЗІМЕН:
2022-2023**

1. ДАЙЫНДАЛДЫ

Тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім

2. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР

Студенттік мәселелер және әлеуметтік жұмысы жөніндегі проректор м.а. –
А.Е. Наурызбекова

Тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім басшысы – Ж. Нурболатбекова

Дінтану орталығының бас маманы – Б. Алпысбаев

Тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім психологы Ш. Бүйембаева

Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы – А. Ултанбаев

Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының директорының м.а. –
Қ. Райкулов

«Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу» орталығының аға
үйлестірушісі – С. Үсенова

«Сұңқар» спорт клубының төрағасы – Д. Джылысбаев

«Экономика және құқық» факультетінің аға оқытушысы – С. Сүгірбеков

Мазмұны

1.	КІРІСПЕ	3-4
2.	I. СТАТИСТИКА	5
3.	II. СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҰСТАНЫМДАР	6-10
4.	III. СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ	11-14
5.	IV. СТУДЕНТТЕРДІҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАРЫ	15-18
6.	IV.1. КУРАТОРЛАРДЫҢ ДІНИ САУАТТЫЛЫҒЫ	19-21
7.	V. СТУДЕНТТЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ. ИНКЛЮЗИЯ	22-23
8.	V.1. УНИВЕРСИТЕТТЕГІ ИНКЛЮЗИЯ	24-25
9.	VI. ЖАТАҚХАНА. АСХАНА	26-28
10.	VI.1. СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАМАҚТАНУЫ. АСХАНА	29-30
11.	VII. СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЖАСТАР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ	31-35
12.	VIII. СПОРТ. САЛАУАТТЫЛЫҚ. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ	36-38
13.	VIII.1. ӨНЕР ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ	39-41
14.	IX. ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ ДАМУЫ	42-45

Бұл анықтамада Дулати университетінде білім алатын студент жастарды дамытудың негізгі бағыттарын жан-жақты талдау негізінде әзірленді. 2022-2023 оқу жылының қазан-қаңтар айлары аралығында студенттердің әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында барлық институт және факультет студенттері арасында әртүрлі бағытта 12 әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Аталған әлеуметтік сауалнамаларға жалпы қатысқан **18549** респондент, **260** академиялық топ кураторлары және **59** студенттермен терең сұхбат-интервью өткізілді.

Осы баяндаманы және әлеуметтік зерттеулерге арналған сұрақтарды дайындау жұмысына студенттік мәселелер және әлеуметтік жұмысы жөніндегі проректоры, жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы, департамент директоры, тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімі, педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету орталығы, дінтану орталығы, спорт клуб төрағасы және инклюзивті білім беру орталығының басшылары ат салысты. Сауалнамаларды жүргізу барысында студенттік өмірінің маңызы болып саналатын денсаулық, білім және ғылым, әлеуметтік-экономикалық жағдай, қоғамдық-саяси шараларға қатысуы және жастардың құндылық бағдарлары сияқты бағыттары талқыланды.

Университетте жалпы білім алушылардың арасынан **17%** студенттер әрбір сауалнаманың бағыттары бойынша белсене қатысты. Онлайн түрде «google forms» бағдарламасы бойынша жүргізілген әлеуметтік зерттеулерге ең белсенді қатысқан «Гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар» факультетінің студенттері **19%** болса, басқа «Экономика және құқық» факультеті - **8%**, «Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру» институты - **10%**, ал ауқымды контингенті бар «Өнер және спорт» факультеті - **8%** әлеуметтік зерттеу жұмыстарына тиісті қызығушылық танытпады, студенттерінің санының көптігіне қарамастан «Ұстаз» институты – орташа белсенділік танытты.

Тәрбие және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменті, топ кураторлары, ата-аналар, институт директорлары, факультет декандары және олардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары тарапынан әлеуметтік зерттеу жұмыстары нәтижелерінің маңыздылығын ескере отырып, күнделікті тәрбие жұмысында пайдалануға ұсынылады.

№	Сауалнама атауы	Институт, факультет бойынша қатысқан респондент саны							Барлығы
		«Ұстаз» институты	«Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру»	«Гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар» факультеті	«Ақпараттық технологиялар» факультеті	«Экономика және құқық» факультеті	«Технологиялық» факультеті	«Өнер және спорт» факультеті	
1.	Студенттік шығармашылыққа кастинг сауалнамасы (20-30.09.2022 ж.)								855
2.	Асхана жұмысы туралы сауалнама (16-23.09.2022 ж.)	541 (29,2%)	112 (6%)	281 (15,1%)	263 (14,2%)	210 (11,3%)	301 (16,2%)	147 (7,9%)	1855
3.	Кураторларға арналған діни сауалнама (07-09.12 2022 ж.)	57 (22,1%)	44 (17,1%)	30 (11,6%)	10 (3,9%)	51 (19,8%)	44 (17,1%)	22 (8,5%)	258
4.	Студенттердің діни көзқарастарын зерделеу бойынша жүргізілген сауалнама (12-14.12.2022 ж.)	444 (15,6%)	611 (34,6%)	625 (36%)	361 (37,6%)	367 (33,8%)	324 (38,8%)	396 (14,6%)	3128

5.	Жастар саясаты бойынша студенттер арасында анонимді сауалнама (18-26.12.2022 ж.)	787 (28%)	267 (15%)	435 (25%)	368 (38%)	166 (15%)	362 (43%)	315 (12%)	2700
6.	«Сіздің психологиялық денсаулығыңыз» тақырыбында сауалнама (18-26.12.2022 ж.)	480 (16,9%)	153 (8,7%)	443 (25,5%)	76 (8,1%)	224 (10,4%)	173 (20,7%)	262 (9,7%)	1811
7.	Жатақхананың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын анықтау бойынша сауалнама (20.12.2022-19.01.2023 ж.)	137 (21%)	24 (3,7%)	174 (26,7%)	84 (12,9%)	16 (2,5%)	124 (19%)	94 (14,1%)	653
8.	Студенттің әлеуметтік жағдайын анықтау бойынша сауалнама (26-30.12.2022 ж.)	366 (12,8%)	103 (5,8%)	329 (18,9%)	307 (32,0%)	58 (5,3%).	155 (18,5%)	227 (8,4%)	1545
9.	Студенттердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша сауалнама (25-27.01.2023 ж.)	628 (22,1%)	263 (14,9%)	542 (31,2%)	331 (34,5%)	189 (17,4%)	281 (33,6%)	251 (9,2%)	2485
10.	«Ерекше білім беруді қажет ететін жоо-да білім алуына және қолдауына студенттердің әлеуметтік жағдайын анықтау бойынша жүргізілген сауалнама (25.01-02.02.2023 ж.)	10 (11,5%)	18 (20,7%)	11 (12,6%)	11 (13,8%)	12 (13,8%)	12 (12,8%)	13 (14,9%)	87
11.	«Студенттердің өміріндегі спорт және дене шынықтыру» тақырыбында сауалнама (25.01-06.02.2023 ж.)	274 (16,8%)	174 (10,7%)	370 (22,7%)	276 (17,0%)	133 (8,2%)	249 (15,3%)	151 (9,3%)	1627
12.	Студенттердің шығармашылығын дамыту бойынша сауалнама (27.01-03.02.2023 ж.)	366 (12,8%)	103 (5,8%)	329 (18,9%)	307 (32,0%)	58 (5,3%)	155 (18,5%)	227 (8,4%)	1545
Жалпы саны:		4090	1872	3569	2394	1484	2180	2105	18549

I. СТАТИСТИКА

Студенттерді есепке алу бөлімінің деректеріне сәйкес, 2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдығында 17-25 жас аралығындағы бакалавр білім беру бағдарламалары бойынша оқитын студенттердің саны 11896 адамды құрайды, оның ішінде 5523 - ер бала, 6373 - қыз бала, сонымен қатар, кәмелетке толмаған студенттер - 2140, оның ішінде 900 - ер бала, 1240 - қыз бала. Студенттер санынан 60% пайызы немесе 7127 адам I және II курстарда оқиды.

Университет студенттерінің 56% (4615) Тараз қаласының тұрғындары, 34% (2873) студенттер - Жамбыл облысының аудандық ауыл тұрғындары, 5% (417) студенттер Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінен келгендер, 5% (388) студенттер шетел азаматтары болып табылады. Ауыл тұрғындары арасынан шыққан студенттердің басым бөлігі облыс орталығына жақын орналасқан Байзақ, Жамбыл және Жуалы аудандары, ең аз студенттер болса, Шу және Мойынқұм аудандарынан келеді.

Еліміздің оңтүстік өңірлері Түркістан (231 адам), Қызылорда (65 адам) және Алматы облыстарынан (45 адам) келген студенттерде білім алуда.

Университетте шетелдік студенттерде білім алуда, оның ішінде Түркіменстан (267 адам) және Өзбекстан (267 адам) азаматтары бар, ал, 87% - титулдық қазақ ұлтының студенттері болып табылады.

Сонымен қатар, университетімізде 53 тұл жетім, 564 жартылай жетім, I, II, III топ мүгедектігі бар 96 студенттер білім алып оқуда. 2022-2023 оқу жылында әлеуметтік санаттар бойынша және жоғары деңгейде әлеуметтік белсенділік танытқан ақылы негізде білім алушы 401 студенттерге университет тарапынан жеңілдік қарастырылып берілді.

№1, 2, 3 студенттер жатақханаларындағы 1118 орынның – 877 (78,4%) студент орналасқан, 241 орын бос. Олардың 766 еліміздің басқа өңірлерінен келген студенттер. Сондай ақ, Түркменстаннан – 24, Өзбекстаннан – 30, Қырғызстаннан – 1, Қытайдан – 8 келген, жалпы 63 шетел азаматтары және 2 магистрант орынмен қамтылған. Орналасқан студенттердің 260 – ер бала, 613- қыз бала.

II. СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҰСТАНЫМДАР

2022 жылдың 26-30 желтоқсан күндер аралығында университеттің барлық институт және факультет студенттері арасында студенттердің әлеуметтік жай-күйін зерттеу және әлеуметтік жәрдем көрсету бағыттарын анықтау мақсатында – **1545** респонденттің қатысуымен сауалнама жүргізілді.

Сауалнаманың ең алғашқы «**Дулати университетінде оқығанды мақтан етесіз бе?**» деген сұрағына назар аударсақ, **1178 (78,1%)** студент «ия» деп бағалаған. Ал, 212 (14,1%) студент «жоқ» деп белгілеген. Респонденттердің басым көпшілігі Дулати университетінің ғылым, тәрбие және білім беру жүйесіне жоғары баға беруде. Университеттің негізгі мақсаты - жаратылыстану, қоғамдық, техникалық, әлеуметтік ғылымдар саласында кең көлемде жоғары білімді мамандарды даярлау. Дулати университеті студенттердің білімі мен біліктілігі жоғары болуына әрқашанда үлес қосып келеді.

«**Ақылы оқыған жағдайда оқу ақысын кім төлейді?**» деген сұрақ бойынша **1083 (73,1%)** студент оқудың ақысын ата-анасы төлейтіндігін белгілесе, ал, 224 (15,1%) студент сабақтан тыс өз бетінше жұмыс жасау арқылы және 15 (1%) студент туысқандардың көмегімен төлейтіндігін белгілеген. Ал, 159 студент өз жауаптарын әртүрлі бағытта жазып көрсеткен. Демек, оқудың ақысын міндетті түрде бірінші кезекте ата-анасы төлейтіні белгілі. Ал, оқудан бөлек өз бетінше жұмыс жасайтын студенттермен міндетті түрде құқықбұзушылықтың алдын-алу бағытында профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Өйткені, заң аясында кәмелет жасына толмаған жастар өз бетінше жұмыс жасай алмайды.

«**Университет кітапханаларының жағдайына көңіліңіз толады ма?**» деген сұраққа байланысты **1154 (75,2%)** студент «ия, толық қанағаттанамын» деп жауап берсе, 223 (14,5%) студент «қажетті кітап қоры жеткіліксіз» және 118 (7,7%) студент «кітапханашылардың қарым-қатынасы ұнамайды» деген жауапты белгілеген. Демек, студенттердің пікірі бойынша кітап қорын әліде әртүрлі ғылыми, әдеби, тарихи т.б. саладағы кітаптармен қамтамасыз ету қажет. Университеттің корпоративтік Әдеп Кодексі туралы Ережесінің тәртіп қағидаттарына сәйкес кез-келген қызметкер міндетті түрде адамгершілік құндылықтарға негізделген мәдениетті болу керек. Студенттердің пікірі университет үшін өте маңызды болып табылады.

«**Емтихан тапсыру барысында академиялық адалдық сақталды ма?**» деген сұраққа байланысты **1454 (94,8%)** студенттердің көпшілігі «сақталатындығын» белгілесе, 65 (4,2%) студент «сақталмайтындығын» белгілеген. Сонымен қатар, осы сұраққа байланысты кейбір студенттер өз пікірін ашық түрде жазғандарда болды. «*Сақталмайды себебі деканатпен келісіп ақшасын бергендерге шпор қолдануға рұқсат етіп өтірік көрмеген сияқты киіп танытады, ал таза сесиядағы студенттер бір біріне көмектесіп жауабын айтады бұл түкте таза сесия емес*», «*Нет люди списывают чуть ли не открыто используя наушники и телефоны*», «*Наш корпус на Мечникова все ненавидят, и относятся к нам ужасно!*». Академиялық адалдық дегеніміз - жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық) орындау кезінде, емтихандағы жауаптарда, зерттеулерде, өз ұстанымын білдіруде, академиялық қызметкерлермен, оқытушылармен және басқа студенттермен өзара қарым-қатынаста, сондай-ақ бағалауда студенттің шыншылдығын білдіретін құндылықтар мен қағидалар жиынтығы болып табылады. Кез-келген оқытушы мен студент академиялық адалдық саясатын міндетті түрде сақтау қажет.

«**Дулати университетінде оқытушы мен студенттің арасында әдептілік мәдениеті сақталады ма?**» деген сұраққа «ия» деп **1424 (92,9%)** студент жауап берсе, 84 (5,5%) студент «жоқ» деген жауапты белгілеген. Өз пікірін білдірген студенттердің жазбаларына назар аударсақ: «*Есть преподаватели, которые относятся по особенному к некоторым студентам*», «*Кафедра мұғалімдеріне толық ризамын, қосымша дәрістер бойынша көп оқытушы жеке басқа ,дінге қол сұғады, білген біліміңе қарсы тұрады*». Университетте

оқытушыларға арналған «Оқытушының ар-намыс кодексі мен студенттерге арналған «Студенттердің Ар-намыс кодексі» құжатына сәйкес кез-келген оқытушы мен студент осы кодексті сақтауы міндетті болады.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің оқытушысы университет миссиясын іске асырудағы өз жауапкершілігін сезіне отырып, жалпыға танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларының, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың, корпоративтік Әдеп кодексінің негізінде әзірленген осы Ар-намыс Кодексін қабылдайды және Дулати университеті оқытушыларының корпоративтік мәдениеті мен мінез-құлқының негізгі адамгершілік-этикалық қағидаларын айқындайды.

Кодекстің ережелері мен талаптарын бұзу Дулати университеті оқытушысының мәртебесіне сәйкес келмейтін іс-әрекет ретінде қарастырылады және ҚР заңнамасымен жеке еңбек шартында көрсетілген тәртіптік жазаларды, жауапкершілік шараларды қолдануға әкеледі. Дулати университетінің оқытушысы Ар-намыс Кодексіне қол қойып, университетте қабылданған Академиялық адалдық стандарттары туралы өзінің хабардар екендігін білдіреді және аталған құжаттың ережелерін сақтау жауапкершілігін түсінеді.

«Университет қабырғасында қандай да бір келеңсіз жағдай туындаса Сізге кім қолдау көрсетеді?» деген сұрағы бойынша **1143 (75,%)** студент «кураторды» белгілесе, 229 (15%) «топ старостасын», 39 (2,6%) «деканды» және 25 (1,6%) студент «декан орынбасарын» бегілеген. Студенттер тарапынан туындаған мәселелерді шешу жолдарын қарастыру және оларға жәрдем беру бойынша кураторлардың студенттерге қолдау көрсететіні белгілі болды. Куратор әрбір студентпен жақын қатынаста болу қажет. Өз пікірін жазған студенттердің арасында кейбір кураторлардың өз жұмысына немқұрайлы қарайтынын атап өткен.

«Сабақ кестесі бос уақытыңызды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді ме?» деген сұрақ бойынша **1068 (69,7%)** студент «ия, сабақ кестесі қолайлы» деп белгілеген. Ал, 433 (28,3%) студент болса, «жоқ, сабақ кестесі қолайсыз» деп атап өткен. Сонымен қатар, кейбір студенттер осы сұраққа байланысты өз пікірлерінде жазып өткен болатын. Мысалы, *«Сабақ кестесі әр түрлі. Универде жұмыс жасайтын студенттер, активист студенттер бар. Олардың басқа жұмыстармен айналысуына сабақ кестесі толық кедергі жасайды. Бұл мәселе де өз шешімін табады деп ойлаймын!!!», «Сабақ ертерек әрі окошкаларды мейілінше аз қылсаңыздар!», «Сабақ ертерек әрі окошкаларды мейілінше аз қылсаңыздар!»*

«Сіз қайда тұрасыз?» деген сұраққа байланысты **896 (58,2%)** студент «өз үйімде тұрамын» деп көрсеткен болса, 254 (16,5%) студент «пәтер жалдайтынын», 212 (13,8%) «туыстардың үйінде» және 170 (11%) студент «жатақханада» тұратынын көрсеткен. Әсіресе, пәтер жалдап тұратын студенттер, оның ішінде кәмелетке толмаған студенттерге түнгі уақытта сағат 22.00-ден таңғы 06.00-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде болуға тыйым салынғаны туралы «ҚР Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңын түсіндіру және ескерту жұмыстарын жүргізу қажет. «Өз үйінде тұрамын» деп белгілеген студенттер Тараз қаласында тұрғылықты мекен-жайда ата-анасымен бірге тұратын студенттер болып табылады.

«Кураторлық сағаттар өтеді ме?» деген сұрақтың жауабында **1310 (85,4%)** студент «ия, аптасына бір рет» өтетіндігін белгілесе, 181 (11,8%) студент «анда-санда», 34 (2,2%) студент «жоқ, мүлдем өтпейтіндігін» көрсеткен. Сонымен қатар, кейбір студенттер өздерінің жазған пікірінде жалпылама кураторлық сағаттың сапалығына көңілі толмайтындығын білдірген. Шын мәнінде кураторлық сағаттың өтілуі студент жастар үшін қажеттілігі бар. Өйткені, кураторлық сағатта жастардың бойында адамгершілік, әдептілік қасиеттерді үйрететін жан-жақты білімді тұлға болып қалыптасуына ықпал етілуі қажет.

«Кураторлық сағаттардың өтуінің қажеті және маңызы бар ма?» деген сұрақтың жауабын **1200 (78,3%)** студент «ия» деп белгілесе, 310 (20,2%) студент «жоқ» деп көрсеткен. Бұл сұрақта көпшілік студенттер кураторлық сағаттың өтуінің маңыздылығы

және қажеттілігі бар екенін белгіледі. Студенттер өз жауаптарын жазу барысында *«екі аптада бір рет өтілсе», «міндетті түрде өтіліп тақырыптары құндылыққа сай болу керек»* деп ұсыныс білдірген болатын.

«Сабақтан тыс уақытыңызда немен айналысасыз?» деген сұрақтың жауабын **603 (39,8%)** студент *«достарыммен бірге өткізетіндігін»*, 331 (21,9%) студент *«жұмыс істейтіндігін»*, 293 (19,7%) студент *«кітапханаға баратындығын»*, 91 (6%) студент *«спорттық секцияларға баратындығын»* және 79 (5,2%) студент *«университетте белсенді жастардың қатарында болатындығын»* атап көрсеткен. Демек, кез-келген студент әртүрлі жауапты белгілеген. Негізінде студенттердің бос уақыттары болмау керек. Білім, спорт, жастар саясаты, ғылым және т.б. бағыттарда өздерің дамытып отыру керек. Студенттердің бос уақытын білімге және ғылымға арнайтындай университет оқытушылары ықпал ету керек.

«Университет қабырғасында беріліп жатқан білім сапасына көңіліңіз толады ма?» деген сұрақтың жауабын **1323 (86,8%)** студент *«ия»*, 137 (9%) студент *«жоқ»* деп көрсеткен. Сонымен қатар, бірнеше студенттер университеттің білім беру жүйесінің сапалығына байланысты өз пікірлерінде білдірген болатын. Мысалы келтірсек, *«Мұғалімдер жақсы, кейбір сабақтарды алып тастау керек, арнайы сабақтар ғана өтілсін деген азаматтық пікірім»*, *«Мұғалімдер жақсы, кейбір сабақтарды алып тастау керек, арнайы сабақтар ғана өтілсін деген азаматтық пікірім»*, *«Өз факультетімізге байланысты оқулар болса практикаға сыртқа шығарса оқу практикасына байланысты топпен саябақтарға жіберсе»*. Осы айтылған пікірлерді назарға ала отырып, университет басшылығына, институт және факультет декандарына ұсыныс ретінде жеткізіледі. Университет басшылығы тарапынан студенттердің сапалы білім алуына және ғылыммен айналысуына байланысты барынша жағдай жасау қажет.

«Оқу ғимаратының, аудиториялардың тазалығына көңіліңіз толады ма?» деген сұраққа байланысты **1358 (88,9%)** студент *«ия»* деп жауап берсе, 161 (10,5%) студент *«жоқ»* деп жауаптарды белгілеген. Жалпы *«ия»* деп жауап берген студенттердің көпшілігі оқу ғимаратының, аудиторияның тазалығына көңілдері толатынын білдірген. ҚР *«Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы»* заңына сәйкес барлық оқу ғимараты санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай болу қажет. Сонымен қатар, *«алайда, аудиторияларда қоқыс шелектері болса керемет болар еді»*, *«білім алатын аудиторияларға көңілім толады. Бірақ әжсетханалар жайлы сөз қозғаудың өзі қиын»* және *«нет туалетной бумаги в туалете»* деп кейбір студенттер өз пікірлерін білдірген болатын. Осы айтылған пікірлер мен ұсыныстарды университет басшылығы негізге ала отырып, кемшіліктерді жою жұмыстарын жасауда.

«Оқу үрдісінде лабораториялық, материалдық базалармен қамтамасыз етілген ба?» деген сұраққа байланысты **1173 (77,4%)** студент *«ия»* десе, 290 (19,1%) студент *«жоқ»* деп жауаптарды белгілеген. Демек, бұл сұрақ бойынша студенттердің көпшілігі оқу үрдісінде лабораториялық, материалдық базалармен қамтамасыз етілген деп жауап берген. Алайда, кейбір студенттер *«үнемі реактивтер жетіспейді, қажетті құрал жабдықтар жоқ, барлығы ескі және жарамсыз»*, *«кей лабораториялық заттар жоқ жұмыс істеуге кедергі жасайды»* немесе *«жоқ реактивтер мүлде жоқ, құрал-жабдықтар өте ескі, реактивтер жарамсыз болып қалған»* деп өз пікірлерінде жазған болатын. Оқу-тәрбие процессін эффективтігін көтеру үшін оқыту құрал-жабдықтары мен әртүрлі оқыту тәсілдерін қолдану қажет. Осыған орай, студенттердің жазған пікірлеріне сәйкес, оқу үрдісінде лабораториялық жұмыстарға керекті құрал жабдықтармен қамтамасыз ету жұмыстары бойынша институт және факультет декандарына тапсырмалар берілетін болады.

«Университетті аяқтаған соң алып шыққан мамандығыңыз бойынша жұмыс жасайсыз ба?» деген сұраққа байланысты **1271 (83,2%)** студент *«ия, өз мамандығыммен жұмыс жасауды қалаймын»* десе, 120 (7,9%) студент *«жоқ, мамандығым менің қалауым емес»*, 90 (5,92%) студент *«жұмысқа орналасу мүмкіндігім аз»* және 27 (1,8%) студент

«қазіргі уақытта өз мамандығым бойынша жұмыс жасаймын» деп жауаптарын белгілеген. Осы сұраққа байланысты жауап берген студенттердің көпшілігі өз мамандықтары бойынша жұмыс жасауға дайын екендігін білдірген. Сонымен қатар, кейбір студенттер осы сұраққа жауап беруден бас тартқандары немесе басқа салаға кететін студенттерде бар. Өмірдегі ең басты нәрсе өз қалауындағы мамандықты таңдау арқылы, сол мамандықпен мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық және саяси бағытта дамуына үлес қосып елдің білімді азаматы болу қажет.

«Сессия кезінде емтиханның ұйымдастырылуы көңіліңізден шығады ма?» деген сұрақ бойынша **1334 (87,2%)** студент «иә» десе, **100 (6,5%)** «жоқ» деп көрсеткен. Демек, жауап берген студенттердің көпшілігі сессия кезінде емтиханның ұйымдастырылуы жұмысына жақсы деген баға беруде. Алайда, сессия кезінде емтиханның ұйымдастырылуы жұмысына көңілдері толмайтыны туралы өз пікірлерін жазған студенттерде бар. Мәселен, *«Большое количество прокторов вызывают дискомфорт», «ағылшынды IELTS форматында емес, тест түрінде болса», «проктор, тексеретін адамдар қатты сөйлеп ойымызды бөледі, көп сөйлеп жүреді, тез шығуымызды талап етеді», «1 сабақты 2 рет ауыстырды сайт ашпады нақты жауап болмады біраз уақытымызды алды», «апелляциялық сұрақтар өте көп, варианттар дұрыс қойылмайды, көп қателіктер болады», «жоқ, себебі танысы барлар шпор қолданып отыра береді».*

«Университетте кімді үлгі тұтасыз?» деген сұрақтың жауабында **652 (44,2%)** студент «кураторды» белгілесе, **283 (19,2%)** студент «ректорды», **245 (16,6%)** студент «деканды» және **63 (4,3%)** студент «ешкімді» деп белгілеген. Демек, университетте студенттердің көпшілігі кураторлармен тығыз қарым-қатынаста болғандықтан кураторды жоғары бағалап отыр. Кураторлар студенттердің ерекше рухани кеңесші және тәрбие жұмысын жүргізу кезіндегі негізгі тұлға болып табылады. Куратордың мақсаты мен міндеті – студенттердің тұлғалық дамуының үйлесімділігін қалыптастыру, оқу орнындағы оқыту әдістерін меңгеруіне көмек беретін және студенттердің бойындағы рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптасуына ықпал етеді.

«Сіз үшін өмірлік қандай құндылықтар маңызды?» деген сұраққа байланысты **1082 (70,9%)** студент «отбасы» деп белгілесе, **169 (11,1%)** студент «денсаулық», **103 (6,7%)** студент «еркіндік», **64 (4,2%)** студент «материалдық жағдай», **42 (2,8%)** студент «тәртіп пен заңдылық», **23 (1,5%)** студент «қызықты жұмыс орны» деп жауаптарын көрсеткен. Барлық қатысқан студенттер өз таңдауымен әртүрлі бағыттағы жауаптарды білдірген. Жауап берген студенттердің басым көпшілігі өмірдегі ең бастысы отбасы құндылықтың маңыздылығын белгілеген. Отбасы құндылығы кез келген адамның өміріндегі ең маңызды бір бөлігі. Өйткені, ол белгілі бір әлеуметтік институт. Тәрбиенің негізі жанұядан бастау алатындықтан, оған енмқұрайлық таныту мүмкін емес. Сол үшін студенттерге ертеңгі өмірдің болашағы, тәрбиенің мәнділігін, оның қаншалықты маңызды екендігін үнемі түсіндіріп отыру қажет.

«Дулати университетінде интернет желісіне, WI-FI жылдамдығына көңіліңіз толады ма?» деген сұрақ бойынша **740 (48,4%)** студент «жоқ» деп белгілесе, **718 (46,9%)** студент «иә» деп жауап берген. Бұл сұраққа байланысты студенттер екі жауапты тең белгілеп отыр. Интернет желісі және Wi-fi жылдамдығы университетінің барлық оқу ғимаратында, жатақханаларда бір қалыпты жұмыс жасайды. Университеттің интернет желісінің жұмыс жасауын және WI-FI жылдамдығын қамтамасыз ету мақсатында арнайы «Цифрландыру және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар орталығы» өз қызметін жасап келеді.

«Университет аумағының қолайлылығы көңіліңізден шығады ма? (абаттандыру, көгалдандыру, паркинг, демалу орындары, спорт алаңдары, жарықтандыру)» деген сұраққа байланысты **1234 (80,9%)** студент «иә» деп жауап берсе, **248 (16,3%)** студент «жоқ» деп жауап берген. Демек, бұл сұрақтың жауабында университет аумағындағы демалыс орындары, жарықтандыру, спорт алаңдары және т.б. қолайлы орындар көпшілік студенттердің көңілінен шығып отыр. Алайда, кейбір студенттер өз

пікірлерін және жауаптарында жазған болатын. Таңдап алынған жауаптарын ұсынар болсақ: *«Мечниковадағы корпустағы спортзал тым тар. 4 поток қосылып өтеді. Студенттер әрең сияды. Шаң топалаң жерде сабақ өтеміз», «пед институтта футбольный поляны жаңартса және көбірек доптермен қамтамасыз етсе», «демалатын орындарды байқамадым, Кауркинг бар бірақ оның өзіне кейде кіргізбей қояды», «орындар аз, әр курс әр группаларға орын жетпейді»*

«Сіздің жақындарыңыздың (ата-анаңыз, достарыңыз, туыстарыңыз) университет туралы ойы» деген сұраққа байланысты **1123 (74%)** студент «сапалы білім, тәрбие беретін оқу орны» десе, 201 (13,2%) студент «өңірдегі оқу орнының бірегейі», 99 (6,5%) студент «ақшамен шешуге болады» және 52 (3,4%) студент «оқыту сапасы қанағаттанарлықсыз» деп жауап берген. Демек, бұл сұрақ бойынша студенттер әртүрлі жауаптарын белгілеген. Басым көпшілігі Дулати университетінің білім беру жүйесіне, тәрбие және әлеуметтік мәселелер жөніндегі жұмыстарына жоғары баға беруде. Сонымен қатар, өз пікірлен жазған студенттерде жоқ емес. Мысалы: *«Сапалы білім бар бірақ қанша оқысаң да ақшамен шешкендер сенен жоғары бал жинайды», «отличный университет, который даёт шанс на успешное будущее», «всем плевать на меня и на то где я учусь, но вообще, мало кто в восторге от этого заведения».*

III. СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ

Студент тұлғасының қалыптасу және даму жолында болып жатқан барлық келеңсіз жағдайлар қоғамдағы әсер етуші факторларды психологиялық тұрғыдан дұрыс қабылдай алып, сәйкесінше адекватты түрде жауап бере алу дағдыларының тиімді жолдарын білуден басталады. Психологиялық денсаулықты сақтау бүгінгі таңда қоғамның өзекті мәселесі.

Адамның психологиялық денсаулығы тек рухани ғана емес, сонымен қатар жеке денсаулығына, жағдайды нақты бағалауға, дұрыс әрекет етуге, өзін қабылдауға және басқаларға, жақсы көңіл-күйде болуына, өмірлік проблемаларды шешуде шығармашылыққа айналдыруға мүмкіндік береді. Әдетте, психологиялық дені сау адамдар белсенді өмірлік ұстанымға ие, олар ақылға қонымды, көңілді, шығармашыл, айналасындағы әлеммен өзара қарым-қатынасқа ашық. Психологиялық денсаулықтың белгілі бір нормасы - қоғаммен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін жеке қасиеттердің болуы, сонымен қатар өзіңізді дамытып, бекіту.

Осыған орай, 2022 жылдың 18-26 желтоқсан күндер аралығында университеттің барлық институт және факультет студенттері арасында психологиялық денсаулық саласына байланысты сауалнамаға **1811** респондент қатысты.

Сауалнаманың бірінші **«Болашағыңыз үшін өз жауапкершілігіңізді толықтай сезінесіз бе?»** деген сұрағына байланысты «жауапкершілікті сезінемін» деп – **1724 (95,2%)** жауап берсе, қалғаны «білмеймін» деп – **87 (4,8%)** студент жауап берген. Демек, студент жастардың көпшілігі өз болашағы үшін жауапкершілікпен қарайтындығын бағалап отыр.

«Білім алу сіз үшін маңызды мәселе болып табылады ма?» деген сұраққа басым көпшілігі «Ия, білім өмірге қажетті құндылық» – **1561 (86,2%)** деп жауап берген. Ал **212 (11,7%)** студент «білімсіз де мақсатына қол жеткізуге болады» деген тұжырым жасаған. Қалған **2,1%** «бұл туралы ойламадым» деп жауап білдіреді. Демек, жастардың басым көпшілігі білімнің қажеттілігін толықтай түсініп, білім алуға назар аударатынын көрсетеді.

«Сіздің көңіл-күйіңіз жағдайға қарай жиі өзгеріп тұрады ма?» деген сұраққа байланысты «көңіл-күйім тұрақты, жиі өзгермейді» - **1128 (62,3%)**, «жиі өзгеріп тұрады, себебін түсіне алмаймын» - **645 (35,6%)** және «көбінде көңілсіз жүремін» - **29 (2,1%)** студент жауап берген. Жастардың арасында басым көпшілігі өз көңіл-күйлері тұрақты болатынын түсініп, назар аудара алатын студенттер болғанымен, көңіл-күйлері неге өзгергенін түсіне алмай, қиналатын жастар баршылық екенін байқатады. Сонымен қатар, көбінде көңілсіз жүретін студенттер де кездеседі. Бұл студенттердің арасында көңіл-күйін бақылай алуға, тұрақтылығын сақтауға әрекет ете алмайтын қиындықтар да бар екендігін байқатады.

Келесі **«Көп жағдайда себепсіз ашу-ызаны сезінесіз бе?»** деген сұрақтың жауабында **1579 (87,2%)** студент «қандай да бір себеппен ашуланатынын» белгілеген. «Ашу-ызаны себепсіз сезінемін, өзімді басқара алмаймын» деген жауапты – **136 (7,5%)** студент белгілеген. Ал қалған **96 (5,3%)** ашу-ызаны жиі сезінетінін көрсетеді. Демек, студенттердің басым көпшілігі ашу-ызаның пайда болу себебін түсіне алатындығымен, қандай да бір бөлігі себепсіз ашу-ызаға кенелетіндігін де байқатады.

«Өз эмоциялық күйіңізді түсіне де, бақылай да аласыз ба?» деген сұрақ бойынша «түсінемін, бақылаймын» - **1583 (87,4%)**, ал қалған студенттер «түсінбеймін, басқара алмаймын», «білмеймін» деп жауаптарын белгілеген. Берілген жауаптарға назар аударсақ, жастардың көпшілігі эмоциялық жағдайды түсінуге тырысып, бақылауға талпына алатыны анықталды.

«Жаңа ортаға тез бейімделе аласыз ба?» деген сұрақ бойынша «тез бейімделемін» - **1100 (60,7%)**, «ортаға үйренуге уақыт қажет» - **660 (36,4%)**, «үйрене алмаймын» - **51 (2,9%)** студент жауаптарын белгілеген. Бұл сұрақтың көрсеткіші, жастардың қарым-қатынасқа түсуде қиындықтарды сезінетіндігін анықтайды.

«Жаңа таныстар табу сізге қиындықтар тудырады ма?» деген сұраққа байланысты **«жоқ, өте оңай танысып кетемін» - 1367 (75,7%), «ия, танысу мен үшін қиын» - 357 (19,7%), «танысқым келмейді» - 87 (4,6%),** деп жауап берген. Жаңа таныстар табуда да қиындықтар сезілетіні байқалып тұр.

Сонымен қатар, **«Құрдастарыңызбен қарым-қатынаста ыңғайсыз кедергілер сезінесіз бе?»** деген сұрақ қойылды. Бұл сұраққа байланысты студенттердің көпшілігі **«ешқандай кедергілер сезінбеймін» – 1564 (86,4%)** деп белгілеген. **«Қарым-қатынасқа түсуде қиындықтар сезінемін» – 205 (11,3%), «қарым-қатынасқа түсуді ұнатпаймын» - 42(2,3%)** деп жауаптарын белгілеген. Студенттердің арасында құрдастарымен қарым-қатынасында қиындықтар сезінетін де бөлігі байқалады.

«Ортада өз пікіріңізді ашық түрде білдіре аласыз ба?» деген сұраққа байланысты **1512 (83,5%)** студенттердің көпшілігі **«өз пікірімді ашық айта аламын»** деп көрсеткен. Ал, **245 (13,5%)** студент **«басқалардың пікіріне қосылуды жөн көремін»** деген жауаппен белгілеген. **54 (3%)** студент **«пікірімді білдірмеймін»** деген жауапты таңдаған. Демек, өз ойын ашық білдіре алуда да кедергілер кездеседі.

«Құрбыларыңыздың арасында біреуге еріксіз күш көрсету жағдайын білесіз бе?» деген сұраққа байланысты **637(35,2%)** студент **«білемін, ашық айта аламын»** деп жауап берген. **«ешкімнің мәселесіне араласпаймын»** деген жауапты – **1034 (57,1%)** студент белгілеген. Ал, **140 (7,7%)** студент аталған сұраққа өз пікірін **«білемін, бірақ мән бермеймін»** деген жауап білдірген. Бұл сұраққа жауап беру нәтижесінде басым көпшілігі мәселені көріп-біліп отырса да, араласпауға тырысатындығын көрсетеді. Сонымен қатар, өз жеке басын мұндай мәселелерден алшақ ұстауды жөн көретін студенттер де баршылық екенін анықтайды.

«Әлеуметтік желіде таныстарыңызға немесе өзіңізге қатысты жалған ақпараттың жариялануының куәсі болдыңыз ба?» деген сұраққа байланысты **«ондай ақпарат болған емес, болса міндетті түрде айтар едім» - 1472(81,3%) және 214 (11,8%)** студент **«болса да, араласпаймын»** деп белгілеген. **«Болды, бірақ айтуды жөн көрмеймін» - 125(6,9%)** студент жауап берген. Осы сұрақтың аясында да қоғамда болып жатқан мәселеге қатысты өз пікірлерін білдіруден бас тартатын студенттердің де баршылығы анықталып тұр.

«Сәтсіздіктерге ұшырағанда жаңа іске кірісіп кету қиынға соғады ма?» деген сұрақ бойынша **1367 (75,5%)** студент **«сәтсіздіктерге көп мән бермеймін, жаңа іске тез кірісіп кетемін»** деп белгілеген. Демек, студенттердің көпшілігі қиындықтарды шеше алады. Сонымен қатар, **«оңалу үшін көп ұзақ уақытымды жұмсаймын» – 406 (22,4%)** деген жауапты белгілеген. Сәтсіздіктерден кейін бірден іске араласып кетуде жеке басында қиындықтар сезінетін студенттер де бар. **«Жаңа іске бет бұрмаймын» – 38 (2,1%)** студент жауап берген.

«Кейде өзіңізді ешкім түсінбейтіндей күйде сезінесіз бе?» деген сұраққа байланысты **982 (54,2%)** студент **«сезінбеймін, мені жақындарым жақсы түсінеді»** деп белгілеген. Сонымен қатар, **«сезінемін, бірақ бұл өзіме байланысты деп ойлаймын» – 646 (35,7%)** студент белгілеген. **«Сезінемін, өміріме басқаларды араластырғым келмейді» – 183 (10,1%)** студент жауап берген. Демек, бұл жауаптардан байқайтынымыз, студенттер өз жеке басында болып жатқан өзгерістерді түсінуге тырысады, дұрыс шешім қабылдауға бағыт алады, дегенмен де басқа адамдардың араласқанын қаламайтындар баршылық.

«Бос уақытыңызды қайда (ойын, компьютерлік клубтарда, кафе, мейрамханаларда, букмекер контораларында) өткізесіз?» деген сұрақ бойынша **1375 (75,9%)** студент **«бос уақытымды тиімді пайдалануды жөн көремін»** деп белгілеген. Сонымен қатар, **«ия, кейде көңіл көтеру үшін барамын» – 393 (21,7%)** студент белгілеген. Ал **«жиі өткіземін» – 43 (2,4%)** студент жауап берген. Студенттер бос уақыттарын тиімді пайдалануға көңіл аударады, дегенмен де кейде осындай орталарда бос уақыттарын өткізуге қызығушылығы бар студенттер де байқалады.

«Қосымша табыс табу мақсатында бос уақытта жұмыс істеуді жөн көресіз бе?» деген сұраққа байланысты **1067(58,9%)** студент «өзіме ұнайтын жұмысты жасаймын, табыс табамын» деп белгілеген. Ал «қаражат керек кезде ғана жұмыс жасаймын» – **366(20,2%)** студент белгілеген. «Жұмыс істеуге уақыт таппаймын» – **378(20,9%)** студент жауап берген. Студенттердің басым көпшілігі жұмыс жасайтыны анықталады.

«Салауатты өмір салтын сақтау сіз үшін маңызды ма?» деген сұраққа байланысты «әрине, салауатты өмір салтын сақтаймын» - **1157(63,9%)** және **607(33,5%)** студент «сақтауға тырысамын» деп белгілеген. «Маңызды емес» - **47(2,6%)** студент жауап берген.

«Спорттың белгілі түрімен шұғылдануға басты назар аударасыз ба?» деген сұраққа байланысты **808 (44,6%)** студенттердің көпшілігі «спорттың нақты түрімен шұғылданамын» деп көрсеткен. Ал, **822 (45,4%)** студент «кейде спортпен шұғылдану туралы ойланамын» деген жауаппен белгілеген. **181(10%)** студент «спортпен шұғылдануға назар аудармаймын» деген жауапты таңдаған. Спортпен шұғылданатын және айналыспайтын студенттер саны теңдей пайызда анықталып отыр.

«Ішімдік немесе есірткі заттарына қызығушылығыңыз бар ма?» деген сұраққа байланысты «қызығушылығым жоқ, денсаулыққа зиян деп ойлаймын» - **1686(93,1%)** және **82(4,5%)** студент «кейде қызығушылық болады, онда тұрған ештеңе жоқ деп түсінемін» деп белгілеген. «Өмірде бәрін көру керек деп ойлаймын» - **43(2,4%)** студент жауап берген. Студенттердің басым көпшілігі есірткі заттарының денсаулыққа зиян екендігін түсінетіндігін анықтайды. Дегенмен де, қызығушылық танытатын студенттер саны да байқалады.

«Басқа да психоактив заттарды қолданып көруге ойыңыз болады ма?» деген сұраққа байланысты **1710 (94,4%)** студенттердің көпшілігі «жоқ, ойламаймын» деп көрсеткен. Ал, **80(4,4%)** студент «білмеймін» деген жауаппен белгілеген. **21(1,2%)** студент «көруге болады» деген жауапты таңдаған.

«Энергетикалық сусындарды жиі қолданасыз ба?» деген сұраққа байланысты **1011(55,8%)** студент «жоқ, мүлдем қолданбаймын» деп белгілеген. Сонымен қатар, «кейде қолданамын» – **692(38,2%)** студент белгілеген. «Жиі қолданамын» – **108(6%)** студент жауап берген. Энергетикалық сусындарды қолдануға қызығушылықтың белгісі байқалады.

«Интернет және әлеуметтік желіде (инстаграмм, уатсап, телеграм) қанша уақыт отырасыз?» деген сұраққа байланысты **1170(64,6%)** студенттердің көпшілігі «көп уақыт жұмсамауға тырысамын» деп көрсеткен. Ал, **543(30%)** студент «бос уақытымның барлығында отырамын» деген жауаппен белгілеген. **98(5,4%)** студент «әрдайым отырамын» деген жауапты таңдаған. Сұраққа жауап беру нәтижесінде әлеуметтік желіге тәуелділік деңгейі де байқалады.

Сонымен қатар, **«Тикток, видеоблог түсіру сізді қаншалықты қызықтырады және еліктіреді?»** деген сұрақ қойылды. Бұл сұраққа байланысты студенттердің көпшілігі «ешқандай қызықпаймын, түсірмеймін» – **1141(63%)** деп белгілеген. «Қызығамын, бірақ қолымнан келмейді» – **337(18,6%)** деп белгілеген. «Жиі түсіремін, маған ұнайды» - **333 (18,4%)** деп жауаптарын белгілеген. Студенттердің арасында тикток, видеоблог түсіруге қызығушылық көрсеткіші анықталады.

«Компьютер және гаджеттер арқылы ойындар ойнауды ұнатасыз ба және қанша уақытыңызды жұмсайсыз?» деген сұраққа байланысты **1338(73,9%)** студенттердің көпшілігі «ойындар ойнауға уақыт жұмсамаймын, бос тірлік деп білемін» деп көрсеткен. Ал, **433 (23,9%)** студент «ойнаймын, көп уақытымды жұмсамауға тырысамын» деген жауаппен белгілеген. Ал **40(2,2%)** студент «ұзақ ойнаймын, өте жақсы көремін» деген жауапты таңдаған. Сұраққа жауап беру аясында студенттердің ойын ойнауға тәуелділік көрсеткішін де байқауға болады.

«Болашағыңыз сізді қаншалықты алаңдатады?» деген сұраққа байланысты **1373(75,8%)** студент «болашағым туралы сенімді мақсат қоямын, қалайда жетуге тырысамын» деп белгілеген. Сонымен қатар, «қатты алаңдаймын, кейде үрей сезінемін» – **286(15,8%)** студент белгілеген. «Еш алаңдамаймын, уақытында көремін» – **152(8,4%)**

студент жауап берген. Бұл сұраққа жауап беру нәтижесінде студенттердің болашаққа деген көзқарасы қаншалықты оларды алаңдататынын анықтап отыр. Бойларында үрейді сезінетін студенттердің болуы да байқалады.

«Ата-анаңыздың, ересектердің ақыл-кеңесін қаншалықты ойыңызда сақтайсыз және өмір тәжірибесінде қолданасыз?» деген сұраққа байланысты «әрдайым сақтаймын және өмір тәжірибесінде жиі қолданамын» - **1481(81,8%)** және **261(14,4%)** студент «кейде есіме түскен кезде қолданамын» деп белгілеген. «Ақыл-кеңес тыңдамаймын, өз ойыммен жүремін» - **69(3,8%)** студент жауап берген. Қоғамда өмір сүру барысында ересектердің ақыл-кеңесін тыңдауға мән беріп, тәжірибеде қолдануға ұмтылыс жасау жоғары, дегенмен де өз пікірімен жүруге басты назар аударатын студенттер қауымы да аз емес.

«Өмірде өзіңіз еліктейтін кумиріңіз бар ма?» деген сұраққа байланысты **982(54,2%)** студент «Ия» деп белгілеген. Сонымен қатар, «Жоқ» – **786(43,4%)** студент белгілеген. Қалған – **43(2,4%)** студент жауап бермеген. Өмірде өзі еліктейтін, пір тұтатын кумирдің болуы студент үшін маңызды мәселе. Бірақ сұраққа жауап беру нәтижесінде екі бағыттағы жауаптың көрсеткішінің басымдылығы байқалып тұр.

Қорыта келе, қоғамдағы психологиялық денсаулық мәселесіне байланысты қажетті ақпараттарды жеткізу, асоциалды мінез-құлық үлгілеріне қарсы студенттердің психологиялық сауаттылығын арттыру бағытындағы жұмыстарды жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Университет студенттеріне психологиялық қызмет көрсету саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізетін Е.Қонақбаев атындағы педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету орталығы 2020 жылдан бері жұмыс жасап келеді.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Институт директоры және факультет декандарына:

- Институт және факультетте өтілетін кеңестерде Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаментінің педагог-психолог маманының жұмысымен, 2022-2023 оқу жылына арналған кешенді жоспарды барлық кураторларға таныстыруға ықпал жасау;

- Институт және факультеттердің тәрбие жұмысы жоспарына Психологиялық денсаулықты сақтау және алдын-алу бағытын міндетті түрде енгізу;

2. Академиялық топ кураторларына:

- Қоғамдағы психологиялық денсаулықты сақтау мақсатында студенттердің психологиялық сауаттылығын қалыптастыру жұмыстарын күшейту және кураторлық сағаттарда «Психологиялық денсаулықты сақтау жолдары және асоциалды мінез-құлық үлгілерін алдын-алу» тақырыбында педагог-психолог мамандарымен кездесуді жиі ұйымдастыру;

- Кураторлық топтарда және жатақханада студенттерге педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету аясында шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталған тренингтік топтарға, психологиялық үйірмелерге және басқа да іс-шараларға баулу;

- Кураторлар тарапынан студенттерге психология саласындағы қажетті білімдерді қалыптастыру мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізу барысында ақпараттармен қамтамасыз ету.

IV. СТУДЕНТТЕРДІҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Қазіргі таңда жастар арасында діни экстремизм мен терроризм көріністерін алдын-алу мақсатында жүйелі түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Өйткені, жастардың бойында деструктивті діни ағымдардың идеологиясына қарсы рухани иммунитет және діни сауаттылықты қалыптастыру өзекті мәселенің бірі. Осыған орай, Дулати университетінде Дінтану орталығы 2013 жылдан бастап жүйелі түрде жұмыс жасауда.

2022 жылдың 12-14 желтоқсан күндер аралығында университеттің барлық институт және факультет студенттері арасында дін саласына байланысты сауалнама алынды. Сауалнаманың мақсаты – студенттердің діни құндылықтарға деген көзқарасын зерттеу болып табылатын сауалнамаға жалпы **3128** респондент қатысты.

Сауалнаманың ең бірінші **«Сіз қалай ойлайсыз, адамдарға Құдайға деген сенім қажет пе?»** деген сұраққа байланысты «ия» деп – **2866 (91,6%)** жауап берсе, «жауап беруге қиналамын» - 128 (4,1%) және «жоқ» деп – 73 (2,3%) студент жауап берген. Демек, студент жастардың көпшілігі адамдардың Құдайға деген сенімі жоғары болу қажет екендігін бағалап отыр.

«Құдайға деген сенім адамдарға не береді деп ойласыз?» деген сұраққа басым көпшілігі «Құдайға деген сенім әрбір адамның жүрегінде болу қажет» – **1504 (48,1%)** студент жауап берген. Қазіргі таңда жастардың арасында қоғамда өз орнын таппай жұмыссыздық, әлеуметтік жағдайдың төмендігі, есірткіге әуестігі, ішімдік және т.б. жаман қасиеттерден арылу үшін діндарлыққа бет бұруда. Әрине, кез-келген адам Құдайдан үміт шуағын күтеді, жәрдем сұрайды және дәстүрлі түрде діни құлшылығын жасайды. 804 (25,7%) студент «жаман іс-әрекеттерден сақтайды және адамгершілігі мол тұлға болуға мүмкіндік береді», 523 (16,7%) студент «қиналған адамды жұбатады және көмектеседі», 171 (5,5%) студент «күрделі дүниетанымдық көзқарастарға жауап беріп өмірге мән береді» деп белгілеген. Сонымен қатар, Құдайға сенбейтіндер – 23, маған бәрібір – 76, маңызды ештеңе жоқ – 15 студент жауап берген.

«Сіз өзіңізді Құдайға сенуші адам ретінде санайсыз ба?» деген сұраққа байланысты «ия» - **2893 (92,5%)**, «жоқ» - 91 (2,9%) және «жауап беруге қиналамын» - 118 (3,8%) студент жауап берген. Жастардың рухани дүниетанымдық көзқарасында құдайсыздық емес, керісінше руханиятқа жақындығы және Құдайға сенуші адам ретінде көрсетіп отыр. Рухани дүниетанымды қалыптастыру арқылы жастардың тәрбиесі дұрыс бағытта қалыптасады.

Университетте әртүрлі ұлт және конфессия өкілдері білім алады. Мәселен, **«Сіз қай конфессияны ұстанасыз?»** деген сұрақтың жауабында **2962 (94,7%)** студент «мұсылмандықты» ұстанатынын белгілеген. Мұсылмандықты ұстанатын адам ислам дінінің дәстүрлі сүнниттік бағыты ретінде айтылады. «Ешқандай конфессияны ұстанбаймын» деген жауапты – 128 (4,1%) студент белгілеген. Зайырлы мемлекетте әр адамның кез келген дінді ұстану немесе ұстанбау өз еркінде болып табылады. Христиан дінінің дәстүрлі бағыты болып саналатын «православтық» бағытын – 25 (0,8%) белгілесе, «протестандық» - 6, «католиктік» – 3 студент жауап берген. «Иегова куәгерлері» деп - 4 студент белгілеген. Біздің елімізде «Иегова куәгерлері» деген діни ұйым христиан бағыты бойынша діни бірлестік ретінде заңды түрде тіркелінген. Алайда, аталған діни ұйымның өзіне тән ұстанатын діни көзқарастары мен діни ұстанымдары дәстүрлі діни бағыттан өзгеше болып табылады. Жамбыл облыстық әкімдігі дін істер басқармасы тарапынан олардың діни қызметтеріне және үгіт-насихат жұмыстарына ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңға сәйкес зерделеп отырады.

«Ғибадат үйлеріне (мешіт, шіркеу, синагога) жиі барасыз ба?» деген сұрақ бойынша «жиі барамын» - 611 (19,5%), «жылына бір рет барамын» - 265 (8,5%), «мүлдем бармаймын» - 903 (20,9%) және «өте сирек» - **1259 (40,2%)** деп жауаптарын белгілеген. Берілген жауаптарға назар аударсақ, жастардың көпшілігі мешіттерге, шіркеулерге өте сирек баратындығы анықталды.

«Діни әдебиеттерді үнемі оқисыз ба?» деген сұрақ бойынша «жиі оқимын» - 506 (16,2%), «өте сирек» - **1360 (43,5%)**, «бұрында оқығанмын» - 306 (9,8%), «мүлдем оқымаймын» - 581 (18,6%), «муфтият тарапынан шыққан діни кітаптарды оқимын» - 132 (4,2%), «діни әдебиетке қызықпаймын» - 198 (6,3%) және «шетелдік діни уағызшылардың кітаптарын оқимын» - 8 (4,2%) студент жауаптарын белгілеген. Бұл сұрақтың қойылудың маңыздылығы өте жоғары. Өйткені, қоғамдағы кейбір жастардың күмәнді діни әдебиеттерді оқу және теріс діни уағыздарды тыңдау арқылы саналары уланып, дәстүрлі емес діни ағымдардың идеологиясына ұшырап жатқан факторлар бар. Бұл жастар үшін өте қауіпті құбылыс. Сауалнамада көрсетілгендей біздің студенттердің көпшілігі діни әдебиетті көп оқымайтындығын көрсетті.

«Зайырлы мемлекет деген ұғымды қалай түсінесіз?» деген сұраққа байланысты «шариғи үкімдермен басқарылады» - 331 (10,6%), «теократиялық басқару жүйесіне негізделеді» - 43 (1,4%), «дінге тыйым салынған мемлекет» - 69 (2,2%), «атеистік тұрғыда басқарылады» - 14 (0,4%), «мемлекет дінге араласпайды, дін мемлекет ісіне араласпайды» - 1181 (37,8%) және «әрбір азамат дінді өзі таңдайды» - **1390 (44,4%)** деп жауап берген. Студенттердің көпшілігі бұл сұрақты дұрыс жауап беріп отыр. Ата заңының 1-бабына сәйкес Қазақстан мемлекеті демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Зайырлы деген ұғым - азаматтардың дін ұстану еркіндігі мен діни мекемелердің мемлекеттен бөлінуін білдіреді.

Сонымен қатар, «діни ақпараттарды қайдан аласыз?» деген сұрақ қойылды. Бұл сұраққа байланысты студенттердің көпшілігі «әлеуметтік желілердегі діни парақшалардан» - 1039 (33,2%) деп белгілеген. Бұл белгіленген жауаптарға назар аударсақ, интернет желісінде дәстүрлі емес діни ағымдардың идеологиясын насихаттайтын көптеген күмәнді діни парақшалар бар екені жасырын емес, діни сауаты төмен жастар осы діни парақшаға тіркеліп, көптеген діни ақпараттарды ішкі сүзгіден өткізбей діни ағымдардың ықпалына ұшырауы мүмкін. Жастардың көпшілігі әлеуметтік желіден кез келген діни ақпараттарды алуға тырысады, бұл құбылыс жастар үшін өте қауіпті болып табылады. «Мешіт имамынан» - **1228 (39,3%)** деп белгілеген. Қоғамдағы жастардың діни ағымдардың ықпалынан сақтау үшін, олардың дін туралы ақпараттарды тек мешіт имамынан алған дұрыс болады. Өйткені, ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңына және ҚМДБ бұйрығына сәйкес әрбір имамның біліктілігі тексерістен өтіп қызметке тағайындалады. «Діни жамағаттардан» - 140 (4,5%) деп жауаптарын белгілеген. Қоғамда әртүрлі діни көзқарастағы ислам және христиан бағытындағы жамағаттар бар. Мәселен, деструктивті немесе радикалдық діни жамағаттардың қауіптілігін айтатын болсақ, жастардың санасына діни фанатизм көріністерін және мемлекеттің демократиялық, зайырлылық принциптеріне қарсы діни идеологиялық бағытта үгіт-насихат жұмыстарын жасайды.

«Қай мешіттерге жиі барасыз?» деген сұраққа байланысты **1347 (43,1%)** студенттердің көпшілігі «орталық Ибатулла әт-Тарази мешітіне» баратындығын көрсеткен. Бұл орталық мешітте ешқандай діни заңға қайшы келетін немесе мешіттің ішкі тәртіб ережесін бұзатын әрекеттер болмайды. Ал, 527 (16,8%) студент «Әзірет Әлі» мешітіне баратындығын белгілеген. Қазіргі таңда қала бойынша жат діни ағымның өкілдері көп шоғырланатын «Әзірет Әлі» мешіті болып табылады. Өйткені, аталған мешіт «Қайрқармет» және «Айрылмас» сауда үйіне жақын орналасқан. Көптеген жат діни ағымның өкілдері «Қайрқармет» және «Айрылмас» сауда үйінде телефон жөндеу кәсіптерін жасайды.

«Оқу ғимараттарда, жатақханаларда діни рәсімдерді орындайтын намазхана болғанын қалайсыз ба?» деген сұраққа байланысты **1879(60,1%)** студент «намазхана болғаны дұрыс» деп жауап берген. «ҚР Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 7-баптың 3-тармағында (діни жоралар мен рәсімдер) діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының аумағында және ғимараттарында жол берілмейді деп

көрсетілген. Демек, білім беру мекемелерінде діни рәсімдерді орындайтын намазханаларды ашуға мүлдем болмайды және заңға қайшы болып табылады. Демек, студенттердің діни және құқықтық сауаттылықтарын арттыру қажеттілігі туындап отыр. «Діни рәсімдер тек арнайы діни ғимараттарда (мешіттерде, шіркеулерде) орындалады» деген жауапты – 349 (11,2%) студент белгілеген. Ал, 560 (17,9%) студент аталған сұраққа өз пікірін білдіру мақсатында «жауап беруден қиналған».

«Университетте діни үлгідегі киім киюге көзқарасыңыз қандай?» деген сұраққа байланысты «қарсы емеспін» - 1535(49,1%) және 1237 (39,5%) студент «әрбір азамат өзі біледі» деп белгілеген. Бірінші кезекте студенттер университеттің ішкі тәртіп Ережесін және студенттерге арналған Ар-намыс кодексін сақтауға тиіс. Студенттерге арналған Ар-намыс кодексінде білім алушылар классикалық киім үлгісін сақтау қажеттілігі көрсетілген. Қазіргі таңда университетте діни киім үлгісін (хиджап) киетін 59 студент қыздар бар. Былтырғы оқу жылының көрсеткішімен салыстырғанда биылғы оқу жылында діни киім үлгісін киетін студент қыздардың саны ұлғайған. Дінтану орталығы тарапынан міндетті түрде кураторлармен бірлесе отырып, дін саласына байланысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Ең бастысы студенттердің діни көзқарастары, діни ұстанымдары ислам дінінің дәстүрлі бағыты болып табылатын ханафи мазхабына сай болу керектігі, дәстүрлі емес діни ағымдардың қауіп-қатері және олардың діни идеологиясына ұшырамау туралы ақпараттар айтылады. Алайда, қоғамда кейбір қыздардың қара хиджап киіп жүргендерін байқауға болады. Бұл үрдіс қазақ халқының салт-дәстүріне және әдет-ғұрпына қайшы келетін құбылыс болып табылады. Әсіресе, жастардың дінге бет бұрған кезде, өзге елдің араб мәдениетіне қатты еліктеп жатады. «Мүлдем қарсы болғандар» -117 (3,7%) және «университетте ортақ киім формасын енгізу керек» – 82 (2,6%) студент жауап берген.

«Оқу орындарына діни пәндерді енгізу туралы көзқарасыңыз қандай?» деген сұрақ бойынша **810 (25,9%)** студент «Ислам мәдениеті негіздері» пәнін белгілеген. Демек, студенттердің көпшілігі зайырлы сипатта білім беретін оқу орындарында діни пәндерді оқытуға болмайтындығын білмейді. Діни пәндер арнайы діни медреселерде немесе дінтану мамандығын даярлайтын жоғары оқу орындарында оқытылады. Біздің елімізде арнайы дінтану мамандығын даярлайтын жоғары оқу орындары Нұр-Мұбарак ислам мәдениет университеті, А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік универсиеті, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ және Букетов атындағы ҚМУ. Сонымен қатар, «студенттердің таңдауымен ғана «Дінтану» пәні» жүргізілсін – 568 (18,2%) студент белгілеген. Бұл пән өз уақытысында Дулати университетінде жүргізілген. Қазір бұл пән жүргізілмейді, оның орнына «Рухани сабақтастық» деген пәнді енгізген. «Құранды оқу әдебі» пәні – 293 (9,7%), «араб тілі грамматикасы» пәні – 219 (7%), «әлем діндер тарихы» пәні – 97 (3,1%), «шариғат негіздері» пәні – 142 (4,5%) және «жауап беруге қиналамын» деп – 574 (18,4%) студент жауап берген. Тағы айтатын мәселе, «шариғат негіздері» пәнін белгілеген студенттердің зайырлы сипатта берілетін білімді екінші орынға қойып, шариғат білімді жоғары қоюда. Жастардың санасында әсіредіншілдік немесе діни фанатизм белгілері бар деген сөз. Қоғамды дамытатын шариғи білім емес, жаратылыстану, педагогикалық, шығармашылық ғылыми бағыттағы білімдер. Жастардың ғылымға деген қызығушылығын дамытатын бағыттарды дамыту қажет.

«ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер», «Экстремизмге қарсы іс-қимыл», «Терроризмге қарсы іс-қимыл» заңдардың бар екенін білесіз бе?» деген сұраққа байланысты **2407** студент «иә», 229 «жоқ» және 492 студент ол туралы білмейтіндігін көрсеткен. Қорыта келе, қоғамдағы дін саласына байланысты қажетті ақпараттарды жеткізу, деструктивті діни ағымдардың идеологиясына қарсы студенттердің діни сауаттылығын арттыру бағытындағы жұмыстарды жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Университет студенттеріне дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізетін Дінтану орталығы 2013 жылдан бері жұмыс жасап келеді.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Институт директоры және факультет декандарына:

- Институт және факультетте өткізілетін кеңестерде ҚР дін саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды барлық кураторларға таныстыруға ықпал жасау;

- Институт және факультеттердің тәрбие жұмысы жоспарына діни экстремизм мен терроризм көріністерін алдын-алу бағытын міндетті түрде енгізу;

2. Академиялық топ кураторларына:

- Қоғамдағы дәстүрлі емес діни ағымдардың идеологиялық ықпалынан сақтау мақсатында студенттердің діни сауаттылығын қалыптастыру жұмыстарын күшейту және кураторлық сағаттарда діни экстремизм мен терроризм көріністерін алдын-алу тақырыбында Дінтану орталығы және Жамбыл облысы әкімдігі дін істер басқармасының дінтанушы мамандарымен кездесуді жиі ұйымдастыру;

- Діни киім үлгіде киінетін студент қыздарды шығармашылық үйірмелерге және мәдени іс-шараларға баулу;

- Кураторлар тарапынан діни ғимараттарға (мешіттер) баратын студенттерге дін саласындағы түсіндіру жұмыстарын жүргізу барысында дәстүрлі ханафи мазхабы туралы ақпараттармен қамтамасыз ету.

IV.1. КУРАТОРЛАРДЫҢ ДІНИ САУАТТЫЛЫҒЫ

Дулати университетінің Студенттер мәселесі және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректордың тапсырмасына сәйкес, студенттер арасында діни экстремизм мен терроризм көріністерін алдын-алу, конфессияаралық және этносаралық тұрақтылықты сақтау бағытында кураторлар тарапынан профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі айтылды. Өйткені, жастардың бойында рухани иммунитет және діни сауаттылық жоғары деңгейде қалыптаспаса, онда деструктивті діни ағымдардың ықпалына тез ұшырауы мүмкін. Студент жастардың бойында діни сауаттылықты және рухани иммунитетті қалыптастыруына байланысты топ кураторларының да рөлі жоғары болу қажет. Осыған орай, 2022 жылдың 7-9 желтоқсан күндері аралығында кураторларға арналған дін саласындағы сауалнамасы алынды. Сауалнаманың мақсаты - топ кураторлардың дін саласына байланысты атқаратын жұмыстарын зерделеу. Барлығы қатысқан респондент саны - **258** куратор. Сауалнаманың нәтижелерін ұсынамыз: Институт және факультет бойынша:

1. «Ұстаз» / «Ұстаз» – **57 (22,1%)**
2. «Экономика және құқық» / «Экономика и право» - 51 (19,8%)
3. «Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру» / "Водного хозяйства и гармонизация природы» - 44 (17,1%)
4. «Технологиялық» / «Технологический» - 44 (17,1%)
5. «Гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар» / «Гуманитарно-социальные науки» – 30 (11,6%)
6. «Спорт және өнер» / «Спорт и искусство» - 22 (8,5%)
7. «Ақпараттық технологиялар» / «Информационные технологии» – 10 (3,9%)

Сауалнаманың алғашқы **«Студенттер арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу бойынша жұмыстар жүргізу керек пе?»** деген сұрағы бойынша **194 (74,6%)** кураторлар - «міндетті түрде жүргізу қажет» деп белгілесе, 40 (15,4%) - «студенттердің діни сауаттылығы жоғары болу қажет», 24 (9,2%) – «қажеттілігі жоқ, діни жағдай бір қалыпты», 1 (0,4%) - «діни тақырыпта іс-шараны өткізбеймін» деп жауаптарын белгілеген. Айта кететін мәселе, 24 куратор жастар арасында діни экстремизмнің алдын-алу жұмыстарын жүргізудің қажеттілігі жоқ деп белгілеген. Демек, кураторлар деструктивті діни ағымдардың ықпалына ұшыраған жастардың бойында діни радикалдық көзқарасы, қоғам үшін өте қауіпті екенінен бейхабар. Сол үшін дін саласындағы түсіндіру жұмыстары тоқтамау қажет.

«Кураторлық сағаттарда өтілетін діни тақырыптағы кездесуге дінтанушы, теолог мамандарын шақырасыз ба?» деген сұрақ бойынша **210 (80,8%)** – «міндетті түрде дінтанушы маман қатысу қажет» деп белгілесе, 38 (14,6%) - «қажеттілігі жоқ», 8 (3,1%) - «діни тақырыпта кездесу өткізілмейді» деп жауаптарын берген. Жалпы кураторлардың басым көпшілігі жауапты дұрыс белгілеп, дінтанушы-теолог мамандардың қатысуы қажет екенін айтуда. Сонымен қатар, 38 куратор діни тақырыпта өтілетін іс-шараға дінтанушы-теолог мамандардың қатысуы қажеттілігі жоқ деген жауабына келісе алмаймыз. Өйткені, қоғамдағы көптеген діни ағымдардың идеологиялық қауіптілігін ескере отырып, ҚР Дін істер комитетінің нұсқауымен діни ақпараттарды түсіндіру және жеткізу мақсатында жоғары діни білімді дінтанушы-теолог мамандарға жүктелінген. Сонымен қатар, кейбір кураторлар діни тақырыпта іс-шараны мүлдем өткізбейтінін жеткізген. Факультеттің, кафедраның тәрбие жұмыс жоспарында көрсетілгендей, діни экстремизм көріністерін алдын-алу, конфессияаралық және этносаралық тұрақтылықты сақтау бағыттары міндетті түрде қамтамасыз етілген. Осы бағыттар бойынша жұмыс жасалынуы қажет.

«Университетте Дінтану орталығы жұмыс жасайтынын білесіз бе?» деген сұраққа байланысты **209 (80,4%)** куратор - «ия» десе, 30 (11,5%) - «жоқ» және 21 (8,1%) - «Дінтану орталығы туралы естімедім» деп жауап берген. Демек, кураторлардың көпшілігі университет құрамындағы Дінтану орталығының қызметі туралы хабардар. Дінтану

орталығының негізгі мақсаты - студент жастарды деструктивті діни ағымдардың ықпалынан сақтау, дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру және сауалнамалық жұмыстарын жүргізу және дін саласына байланысты кураторлармен өзара ықпалдастық жұмыстарын жасау болып табылады. Сондай-ақ, университеттің ресми «dulaty.kz» сайтында және «facebook» әлеуметтік желіде «Дінтану орталығы» парақшасы қамтамасыз етілген. Университет ішінде және облыстық көлемінде дін саласындағы өтілетін барлық іс-шаралардың ақпараты сайтқа жүктелініп отырады.

«Топта дәстүрлі емес діни ағымның ықпалына ұшараған студентті ажырата аласыз ба?» деген сұрақ бойынша **159 (61,2%)** куратор - «ия», 66 (25,4%) – «жоқ» және 33 (12,7%) – «дінтанушы маманға жүгінемін» деп жауаптарын белгілеген. Кез келген куратордың діни және құқықтық сауаттылығы жоғары болған дұрыс. Өйткені, деструктивті діни ағымдардың ықпалына ұшыраған адамның сыртқы және ішкі белгілері байқалады. Сыртқы белгілерінде пәкістандық үлгідегі киетін киімі, қауғадай сақалы, қысқа шолақ шалбары. Әсіресе, ішкі белгілерін анықтау мақсатында дінтанушы маман арқылы теологиялық сұрақ-жауап ретінде білуге болады. Деструктивті діни ағымдардың идеологиялық қауіптілігі мемлекеттің зайырлы ұстанымына қарсы ой-пікірі, дәстүрлі ханафи мазхабын қабылдамауы, дінаралық тұрақтылықты сақтамауы және т.б.

«Сіздің ойыңызша жастардың дәстүрлі емес діни ағымның ықпалына кетуінің басты себебі қайсысы?» деген сұрақ бойынша **170 (65,4%)** куратор – «діни сауаттылықтың төмендігінен» десе, 87 (33,5%) - «оларды қаржылай қызықтырады», 67 (25,8%) - «жастардың тәрбиесімен ата-анасы айналыспағандықтан», 51 (19,6%) - «бос уақытын тиімді пайдалана алмағандықтан», 44 (16,9%) - «дәстүрлі емес діни ағымдардың діни идеологиясының мықтылығынан» және 21 (8,1%) - «жұмыссыздықтан» деген жауаптарын берген. Кураторлардың көпшілігі өте орынды ой-пікір ретінде діни сауаттылықтың төмендігінен жастардың дәстүрлі емес діни ағымның ықпалына ұшырап жатқандығын белгілеп отыр. Діни сауаты жоғары болған жастардың бойында агрессиялық, радикалдық діни ұстанымнан алыс болады және өзге діни жамағаттардың уағыз-насихатының қауіп-қатерін ажырата алады. ҚР дін саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспардың бағдарында айтылғандай мемлекет этносаралық және конфессияаралық келісімді қолдау, толеранттылық пен сындарлы диалог атмосферасын сақтау, діни экстремизм көріністерінің алдын алу және діни сауаттылықты қалыптастыру саясатын жүргізіп келеді.

«Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын қолдайсыз ба?» деген сұрақ бойынша **187 (71,9%)** куратор – «ия», 11 (4,2%) «жоқ» және 62 (23,8%) – «жауап беруге қиналамын» деп жауап берген. Көпшілік кураторлардың Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын қолдайтындығын атап өтті. ҚР дін саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспары үкіметтің қаулысымен бекітіліп, қазіргі таңда жүзеге асырылуда. Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен міндеттері мыналар:

1. Мемлекеттік құрылыстың зайырлы қағидаттарын ілгерілету.
2. Азаматтардың діни сенім бостандығына және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын жасауда құқықтарын сақтау.
3. Қазақстандық қоғамда конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты сақтау.
4. Діни салада ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Бұл мақсаттарды орталық мемлекеттік органдар да, жергілікті атқарушы органдар да жүзеге асырады.

«Студенттердің бойында дәстүрлі емес діни ағымдардың белгілері байқалса, ең алдымен кімге жүгінесіз?» деген сұрақ бойынша **93 (35,8%)** куратор – «студенттің ата-анасы», 65 (25%) – «Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер департаменті», 49 (18,8%) - «Дінтану орталығы», 32 (12,3%) – «факультет деканы» және 19 (7,3%) – «институт директоры» деп жауаптарын белгілеген. Кураторлар тарапынан студенттік топта әр

студенттің психологиялық портретін жасақтап және олардың діни көзқарасын қадағалап отыру қажет. Университетте студенттерге дін саласына байланысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында Дінтану орталығының бас маманы, дінтанушы-магистр Бахтияр Қаржаубайұлы Алпысбаев қызмет жасайды. Орталық 2.5-307 оқу ғимаратында орналасқан. Байланыс телефондары: 8777 113 41 09, 8747 5088202.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Институт директоры және факультет декандарына:

- Институт және факультеттердің тәрбие жұмысы жоспарына діни экстремизм мен терроризм көріністерін алдын-алу, конфессияаралық және этносаралық тұрақтылықты сақтау бағыттарын міндетті түрде енгізу;

- Институт және факультеттердің барлық кураторларына дін саласына байланысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуіне ықпал ету;

2. Академиялық топ кураторларына:

- Студенттердің әлеуметтік желідегі жазбаларына мониторинг жүргізу;

- Діни тақырыпта өтілетін барлық іс шараға міндетті түрде Дінтану орталығымен ақылдаса отырып, ұйымдастыру;

- Студенттердің бойында радикалдық діни көзқарас белгілері пайда болған жағдайда, міндетті түрде Дінтану орталығын хабардар ету;

- Діни киім үлгіде киінетін студент қыздардың діни көзқарастарына зерделеу жұмыстарын жасау;

- Студенттердің діни көзқарастарын айқындау бағытында әрбір студенттік топтарда дәстүрлі түрде сауалнама жүргізу;.

V. СТУДЕНТТЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ. ИНКЛЮЗИЯ

Тараз қаласының 10 медициналық орталықтарына ҚР «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру» туралы заңына сәйкес 2023 жылдың 10 ақпанына медицина пункттерінің қызметкерлерінің деректері бойынша университеттің 5872 студенттері тіркелген.

№	Медициналық орталық атауы	Тіркелген студенттер саны
1	Облыстық консультациялық-диагностикалық медициналық орталығы	3982
2	«МЕЙІРІМ» медициналық орталығы	210
3	«САУРАН» медициналық орталығы	100
4	«ZHANUYA» медициналық орталығы	350
5	«ALMAZ MEDICAL» медициналық орталығы	510
6	«Даримед» медициналық орталығы	92
7	№2 Қалалық емхана	105
8	№5 Қалалық емхана	198
9	№6 Қалалық емхана	209
10	№7 Қалалық емхана	116
Жалпы саны		5872

Әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша 20 студенте арнайы есепте тұрады.

№	Ауру атау	Есепке алынған студенттердің саны
1	Эпилепсия	8
2	Туберкулез	1
3	Вирустық гепатит	0
4	ВИЧ	0
5	Онкология (лейкоз)	1
6	Астма	1
7	Бас сүйек қысымы	1
8	Зоб ауруы	4
9	Жүрек ақауы	1
10	Артериалдық қысым	2
11	Қант диабеті	1
Жалпы саны		20

Вакцинация және иммунизация бойынша төмендегі кестеге сәйкес студенттер екпелендірілді.

АДС-М (дифтерияға қарсы, сіреспе)	Корь	Қызылша ауруы	Вирустық гепатит В-1	Вирустық гепатит В-2	Вирустық гепатит В-3	(COVID-19)
9443	9443	9443	9443	9443	9443	5560

Ағымдағы жылдың 10 ақпанға флюорографиялық диагностикадан 5265, яғни жалпы контингент санының **44%** студент өтті.

Сондай ақ, сауалнамаларда денсаулық сақтау бағыттары бойынша мынандай жауаптар берілген болатын:

«Сіз қандай медициналық орталықта тіркелгенсіз?» деген сұрақ бойынша **659 (45,3%)** студент «ауылда тіркелгендігін» белгілесе, 159 (10,9%) студент «Садыхан», 124 (8,5%) студент «Даримед», 113 (7,8%) студент «Болашақ», 112 (7,7%) студент «Мейірім», 111 (7,6%) студент «Сауран» деп белгілеген. Студенттердің көпшілігі өздерінің тұрақты мекен-жайында (ауылда) тіркелгендігін көрсеткен.

«Университеттегі медициналық пунктердің жұмысына көңіліңіз толады ма?» деген сұраққа **1116 (73,9%)** студент «ия» деп жауап берген. Ал, 248 (16,4%) студент «жоқ» деп белгілесе, басқа да өз пікірін білдірген студенттердің көпшілігі университеттің ішінде медициналық пунктердің қызметі туралы мүлдем білмегендігі анықталды. Демек, университеттің ішінде студенттерге арналған медициналық көмек көрсету қызметін жандандыру және медициналық пунктердің ортақ сенім телефонын қалыптастыру қажеттілігі туындауда.

ҰСЫНЫСТАР:

- Осы сұраққа байланысты университет академиялық топ кураторлары студенттерге медициналық орталықтар туралы және оларға тіркелу жолдарын түсіндіру мақсатында студенттермен ақпараттандыру жұмыстарын күшейту қажет;

- Медициналық пунктер әлеуметтік маңызы бар және жұкпалы аурулар туралы постерлер, кітапшалар, буклеттер, видеороликтер оқу-әдістемелік нұсқауларды ретінде барлық институт пен факультттерге, кафедраларға тарату керек;

- Медициналық пункттер алғашқы жедел жәрдем көрсету бойынша түсіндірме семинарлар жүргізу қажет;

- Академиялық топ кураторларына арнайы медицина қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру қажет.

- Институт директорлары, факультет декандарына оқу аудиториялары, кітапханалар, асхана, жатақханадағы тұру бөлмелерінің, спорттық залдар тазалығының сақталуын бақылауды күшейту қажет;

- Кураторларға арнайы медициналық есепте тұратын студенттерді медициналық көмек көрсету бағытында бақылауда ұстау.

V.I. УНИВЕРСИТЕТТЕГІ ИНКЛЮЗИЯ

2023 жылдың 25 қаңтар айында университеттің барлық институт және факультет мүмкіншілігі шектеулі студенттері арасында инклюзивті білім беру бағыты бойынша 87 респонденттен сауалнама алынды.

Университетте қандай келісім шартта оқисыз? деген сұраққа байланысты «Грант» деп – 59,8% жауап берсе, «Ақылы» - 18,4% және «Басқа мекеме бюджеті қаражаты есебінен және т.б.» деп – 21,8% студент жауап берген. «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу» орталығының мамандарының қолдауымен ерекше студенттерді басқа мекеме бюджеті қаражаты есебінен және т.б. білім беру грантына қатысуға үлес қосатындығы анықталды.

Қай жерде тұрасыз? деген сұраққа байланысты «Жатақханада» деп – 17,2% жауап берсе, «Ата-анамен» - 66,7% және «Өз үйімде» деп – 11,5%, «Пәтер жалдап» деп - 4,6% студент жауап берген.

Жатақханада тұру шарттары Сізді қанағаттандырады ма? деген сұраққа байланысты «Иә» деп – 75,9% жауап берсе, «Жоқ» - 11,5%. Қалған сұрақтар бойынша жауаптар студенттердің жауабы 0,1-1,2 % құрайды.

Университетке кіру жолдарының болуы және талапқа сай орналасуы деген сұраққа байланысты «Бар, талапқа сай» деп – 88,5%, «Жоқ, орнату керек» - 1,2 % жауап берсе, «Білмеймін» деп – 10,3% студент жауап берген. Студенттердің ұсыныстарын ескерсек университетке кіру жолдарының болуы және талапқа сай орналасуы тек 1 қабаттарда талапқа сай екендігі айқындалған.

Арнайы жабдықталған санитарлық тораптардың болуы деген сұраққа байланысты «Бар, талапқа сай» деп – 81,6%, «Жоқ, орнату керек» - 8% жауап берсе, «Білмеймін» - 10,3% студент жауап берген. Университетке арнайы жабдықталған санитарлық тораптардың болуын толықтыру керектігі анықталды.

Ескерту және дабыл жүйесінің болуы деген сұраққа байланысты «Бар, талапқа сай» деп – 83,9%, «Жоқ, орнату керек» - 5,8% жауап берсе, «Білмеймін» - 10,3% студент жауап берген. Университетте ескерту және дабыл жүйесі бар екендігін айқындалды.

Университетте оқып жүргенде Сізбен қандай мамандар жұмыс істеді (жұмыс жасады)? деген сұраққа байланысты «Педагог-психолог (психолог, арнайы психолог)» деп – 23%, «Арнайы аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша маман» - деп 77% студент жауап берген. Университетте тифлопедагог, сурдоаудармашы жоқ деп жауап берді.

Университетте ерекше білім беруді қажет ететін студенттерге инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің мазмұны нені қамтуы керек? деген сұраққа байланысты «Оқу процесінің кестесін және аттестаттау іс-шараларының орындалуын бақылау» деп – 8% жауап берсе, «Оқу материалдарын қолжетімді нысандарда қамтамасыз ету» деп - 8%, Сіздің ұсынысыңыз... «Инклюзивті білім беруді қолдаймын» -44,8 студент жауап берген. Қалған сұрақтар бойынша жауаптар студенттердің жауабы 0,1-1,2 % құрайды. Яғни «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу» орталығын жұмысын күшейту керектігін қажет етіп отыр.

Кітапханаларда, спорт залдарында, концерт залдарында болу ортасы сізге қол жетімді ме? деген сұраққа байланысты «Иә» деп – 93,1% жауап берсе, «Жоқ» деп - 6,9%, студент жауап берген.

ҰСЫНЫСТАР:

- Студенттердің ұсыныстарын ескерсек университетке кіру жолдарының болуы және талапқа сай орналасуы тек 1 қабаттарда. Яғни жоғарғы қабаттарда университетке кіру жолдары болуы талапқа сай орналасуы керек;

- Университетке арнайы жабдықталған санитарлық тораптардың болуын талапқа сай күшейту керек;

- Мүмкіндігі шектеулі студенттердің ішінде естімейтін, сөйлемейтін студенттер бар соларға тифлопедагог, сурдоаудармашы мамандарды оқыту керек;
- Мүмкіндігі шектеулі студенттердің ішінде көзі көрмейтін студенттер үшін де арнайы мамандарды оқыту керек және арнайы (Брайль) аппараттармен қамтамасыз етуін қарастыруы қажет.

VI. ЖАТАҚХАНА. АСХАНА.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарындағы басты мәселе – шалғай аудандардан келген студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету. Ал жатақханалардың жай-күйі мен санитарлық жағдайы, тұрмыстық мүмкіндіктері саралануы, зерделеу жұмыстары нәтижесінде анықталған кемшіліктер мен олқылықтардың жойылуы басты назарда. Осыған орай, 2022 жылдың 20 желтоқсан мен 2023 жылдың 19 қаңтар күндері аралығында университеттің барлық институт және факультет студенттері арасында жатақхананың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына байланысты 653 студенттік үй тұрғындары-студенттерден сауалнама алынды.

Сауалнаманың ең бірінші **«Жатақханадағы ішкі тәртіп ережелерімен таныссыз ба?»** деген сұраққа байланысты «Иә» деп – 652 (99,7%) жауап берсе, «Жоқ» деп – 2 (0,3%) студент жауап берген. Демек, студент жастардың көпшілігі ішкі тәртіп ережелерімен таныс екендігін бағалап отыр. Ішкі тәртіп ережесі Дулати университетінің ресми сайтына да орналастырылған. Ішкі тәртіп ережесіне сілтеме: <https://dulaty.kz/student-dormitory-kaz/zhataxana-doc-kaz.html>

«Студенттер үйінде тұру ақысы сізді қанағаттандырады ма?» деген сұраққа басым көпшілігі «Иә» деп – 634 (97,1%) студент жауап берсе, «Жоқ» деп 18 (2,8%) жауап берген. «Қымбат» деп – 1 (0,2%) студент жауап берген.

«Университеттегі жастар саясаты бойынша жұмыс жасайтын жастар ұйымдарымен таныссыз ба?» деген сұраққа байланысты «Таныстым, үгіт-насихат жұмыстарына қатыстым» - 221 (33,8%), «Біршамасын білемін» - 342 (52,4%) және «Мүлдем таныс емеспін» - 90 (13,8%) студент жауап берген. Жалпы оқу жылының басында 1-курс студенттеріне жастар ұйымдары туралы насихаттау жұмыстары жүргізілген болатын. Университетте Студенттік парламент, 7 жастар ұйымдары, 4 жастар қозғалысы, 10 қызығушылықтар бойынша клубтар, 7 студенттік деканаттар жұмыс атқарады.

«Сіз студенттер үйіндегі студенттер кеңесінің жұмысына атсалысасыз ба?» деген сұраққа «Иә» деп – 300 (46,4%) студент жауап берсе, «Жоқ» деп – 304 (47%) студент, «Студенттер кеңесі туралы білмеймін» деп – 43 (6,6%) студент жауап берген.

«Студенттер үйіндегі оқу залының кітапхана қоры сізді қанағаттандырады ма?» деген сұрақ бойынша «Иә» деп – 434 (66,8) студент жауап берсе, «Жоқ» деп – 216 (33,2%) студент жауап берді.

«Сабақ оқу барысында интернет желісінің (Wi-Fi) жылдамдығы және сапасы сізді қанағаттандырады ма?» деген сұраққа байланысты «Жылдамдығы жоғары» деп – 89 (13,6%) студент белгілесе, «Орташа» деп – 307 (47%) студент, «Қанағаттандырмайды» - 156 (23,9%) студент, «Мүлдем ұстамайды» деп – 89 (13,6%) студент белгілеген. №1, №2, №3 жатақханалар интернет желісімен қамтамасыз етілген. Алайда түскі және кешкі уақытта интернет жылдамдығы күрт төмендейтіні анықталды. Осыған байланысты Цифрландыру және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар орталығының мамандарымен бірлесе отырып осы мәселені шешу қажет.

«Жатақханада ұлтаралық және дінаралық қақтығыстар болып тұрады ма?» деген сұраққа «Жиі» деп – 28 (4,3%) студент, «Кейде» - 49 (7,5%) студент, «Сирек» - 39 (6%) студент, «Мүлдем болмайды» деп – 522 (79,8%) студент белгілеген. Көптеген діни конфессиялардан құралған біздің қоғамымызда діни түсіністік пен келісім мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі, мемлекетіміздің халықаралық қатынастардағы салмағы және еліміздің болашағы мен баяндылығына тікелей әсер ететіні ақиқат.

«Жатақханада діни рәсімдер орындайсыз ба?» сұрағы бойынша «Жатақханада діни рәсімдерді орындауға болмайды» деп – 45 (7%) студент жауап берсе, «Өз бөлмемде бес уақыт намаз оқимын» деп – 103 (15,9%) студент, «Тек жұма намазға ғана барамын» деп – 50 (7,7%) студент, «Діни рәсімдерді мүлдем орындамаймын» деп – 284 (44%) студент, «Жауап беруге қиналамын» деп – 138 (21,4%) студент белгілеген. Айта кетсек,

университетте Дінтану орталығы жұмыс атқарады. Қандай да бір діни сауал туындаған жағдайда кез-келген тұлға орталыққа келіп өз сауалына жауабын алуына болады. Жалпы орталықтың мақсаты студент жастардың деструктивті сипаттағы діни ағымдардың ықпалынан қорғау жұмыстарын жүргізу болып табылады.

«Жатақханаларда діни рәсімдерді орындайтын намазхана болғанын қалайсыз ба?» деген сұрақ бойынша «Жатақханада намазхана болғаны дұрыс» деп – 301 (46,2%) студент белгілесе, «Оқу ғимараттарда намаз оқуға мүлдем болмайды» деп – 13 (2%) студент, «Жауап беруге қиналамын» деп – 61 (9,4%) студент, «Діни рәсімдер (намаз) тек діни ғимараттарда (мешіт, шіркеу синагога) орындалуы тиіс» деп – 41 (6,3%) студент, «Әрбір адам өзі біледі» деп – 232 (35,6%) студент белгілеген.

«Жатақханада сабаққа дайындалуға не кедергі болатынын жазыңыз?» деген сұраққа «Ештеңе кедергі болмайды» деп – 383 (59%) студент, «Көршілердің тыныштық сақтамауы» деп – 151 (23,3%) студент, «Бос уақыттың жетіспеушілігі» - 29 (4,5%) студент, «Сабақ орындауға арналған орын жоқ» деп – 75 (11,6%) студент белгіледі.

«Студенттер үйінде сабақтан тыс іс-шаралар қаншалықты жиі өтеді?» деген сұраққа «Үнемі ұйымдастырылады» деп – 179 (27,7%) студент белгілесе, «Қызық емес» деп – 108 (16,7%) студент, «Сирек өтіледі» деп – 226 (34,9%) студент, «Мүлдем өткізілмейді» деп – 36 (5,6%) студент, «Мұндай іс-шаралар өте қажет, жастардың ойлау қабілетін дамытады» деп – 97 (15%) студент белгілеген.

«Сіздің ойыңызша, студенттер үйінде қандай іс-шаралар жиі өткізілгені дұрыс?» деген сұраққа «Спорттық іс-шаралар (эстафеталар, жарыстар, чемпионаттар)» деп – 185 (28,8%), «Білім беру іс-шаралары (тренингтер, семинарлар, кездесулер)» деп – 89 (13,8%) студент белгілесе, «Шығармашылық бағыттағы іс-шаралар (шығармашылық кештер, мерекелік кештер, би кеші)» деп – 356 (55,4%) студент белгілеген.

«Студенттер үйінде туындаған мәселе бойынша кімге жүгінесіз?» деген сұрақ бойынша «Студенттер үйіне жауапты тәрбие бөлімінің маманына» деп – 160 (24,7%) студент, «Студенттер үйінің комендантына» деп – 370 (57,1%) студент белгілесе, «Бөлмелердегі көршілеріме» деп – 30 (4,6%) студент, «Студенттер кеңесінің төрайымына» деп – 64 (9,9%) студент белгілеген.

«Жатақхана комендантының жұмысына қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа байланысты, «Өз жұмысын жақсы орындайды» деп – 588 (90,9%) студент белгілесе, «Санитарлық-гигиеналық тазалыққа мүлдем қарамайды» деп – 25 (3,9%) студент белгілеген. Жатақханалардағы коменданттардың жұмысы жүйелі түрде бақылауға алынған. Жатақхана коменданты студенттерді жатақханаларға орналастыру кезінде нұсқаулыққа сәйкес жұмысын атқарады.

«Жатақхана вахтераның жұмысы сізді қанағаттандырады ма?» деген сұраққа «Келушілердің өтуін қатаң бақылау» деп – 502 (77,7%) студент белгілеген. Ал «Келушілердің рұқсат қағазын әлсіз бақылау, немқұрайлылық» деп – 71 (11%) студент белгіледі. Жатақхана вахтеры өз жұмысы уақытында жатақханаға келушілердің рұқсат қағазын тексеріп, сәйкесінше жатақхана тұрғындарының өтінішін, сауалдарын комендантқа жеткізеді.

«Жатақханадағы ас бөлмесіндегі ас пісіретін электроплиталардың жұмысы сізді қанағаттандырады ма?» деген сұрақ бойынша «Иә» деп – 336 (51,9%) белгілесе, «Жоқ» деп – 286 (44,2%) студент белгілеген.

«Жатақханаға орналасу үшін қандай кедергілер болды?» деген сұраққа «Кедергісіз орналастым» деп – 388 (60%) студент, «Студенттерге қызмет көрсету бөлімі комиссия мүшелеріне құжаттарды қарастыруға дер кезінде жібермейді» деп – 79 (12,2%) студент, «Комиссия мүшелері құжаттарды өз уақытында қабылдамайды» деп – 62 (9,6%) студент, «Платонус бойынша техникалық кедергілер болды» деп – 88 (13,6%) студент, «Студент өз уақытында өтініш бермейді» деп – 4 (0,6%) студент, «Университет қызметкерлерінің көмегімен орналастым» деп – 25 (3,9%) студент белгілеген.

«Жатақхананың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы сіздің көңіліңізден шығады ма әлде толмайды ма?» деген сұраққа келер болсақ, «Қыс айларында бөлме суық» деп – 118 (18,3%) студент, «Электроплита толығымен жұмыс жасамайды» деп – 109 (16,9%) студент, «Жуынатын бөлмеде кезек көп болады» деп – 106 (16,4%) студент белгілесе, «Жатақхананың тұрмыстық жағдайы көңілімнен шығады» деп – 201 (31,1%) студент жауап берген. Ал «Бөлменің жарығы төмен» деп – 29 (4,5%) студент, Төсек-орын жабдықтары уақытылы ауыстырылмайды» деп – 55 (8,5%) студент жауап берді. Осы сұрақ төңірегінде көп мәселелер айтылды. Атап айтсақ, жатақханаларда электроплиталардың қуатының төмендігі. Студенттер ас әзірлеу кезінде қиындықтар туындайтынын жеткізді.

«Жатақхананың әр қабатының тұрмыстық жағдайы талапқа сай жабдықталған ба?» деген сұрақ бойынша «Иә» деп – 517 (79,8%) студент жауап берсе, «Жоқ» деп – 122 (18,8%) студент белгілеген.

«Сіз тұратын бөлмеңіздің температурасы санитарлық-гигиеналық талаптарға сай ма?» деген сұраққа байланысты «Иә» деп – 576 (89,3%) студент жауап берсе, «Жоқ» деп – 69 (10,7%) студент белгіледі.

«Жатақханада қандай секциялар үшін жағдай жасалғанын қалайсыз?» деген сұрақ бойынша «Үстел теннисі» деп – 121 (18,8%) студент, «Би залы» деп – 115 (17,8%) студент, «Тоғызқұмалақ» деп – 32 (5%) студент, «Шахмат» деп – 35 (5,4%) студент жауап берсе, ең көп жауап берілгені «Тренажер залы». Бұл бойынша 342 (53%) студент жауап берген.

Сауалнаманың ең маңызды сұрағының бірі «Сіздің ойыңызша, жатақханадағы қандай кемшіліктерге ең алдымен назар аудар уақжет және оны шешу жолдары атап жазыңыз?» деген сұраққа 377 студент өз ұсыныстарын жазып жауап берді. Солардың бірнешеуіне тоқталсам, қыс мезгіліндегі жылу мәселесі, студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану және сабақ орындау үшін коворкинг-залдар, тазалық мәселесі, интернет жылдамдығы туралы жазылған. Осы мәселелер төңірегінде студенттер біршама ұсыныстарын жазды.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Институт директоры және факультет декандарына:

- Студенттер үйіне орналасу кезінде студенттерге қызмет көрсету орталығымен бірлесе отырып құжаттарды қысқа мерзімде қарастыруға ықпал жасау;
- Институт және факультеттердің тәрбие жұмысы жоспарына студенттер үйінде өтетін іс-шаралар кешенін міндетті түрде енгізу.

2. Инженерлік-техникалық және шаруашылық қамтамасыз ету департаментіне:

- Жастардың бос уақытын тиімді өткізу үшін және сабақтарын орындауға арналған коворкинг-зоналармен қамтамасыз ету;
- Қыс мезгілінде студенттер үйіндегі жылу мәселесіне қатысты бірқатар өзекті мәселелерді шешу;

- Ас әзірлеу бөлмелеріндегі электроплиталардың жұмысын ретке келтіру;

3. Кітапханалық-ақпараттық орталыққа:

- №3 студенттер үйінде орналасқан түнгі оқу залының жұмысын қалыптастыру және кітапхана қорымен қамтамасыз ету

4. Цифрландыру және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар орталығына:

- Сабақ орындау барысында интернет желісінің (Wi-Fi) жылдамдығы және сапасын күшейту.

VI.1. СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАМАҚТАНУЫ. АСХАНА

2022 жылдың 16-23 қыркүйек күндер аралығында университет құрамындағы асхана жұмысын жетілдіру мақсатында институт және факультет студенттері арасында сауалнама – **1855** респондент қатысты.

«**Университет асханаларына көңіліңіз толады ма?**» деген сұраққа байланысты **795 (51,8%)** студент «бағалары жоғары» деп белгілесе, **611 (39,8%)** студент «ия, толық қанағаттанамын», **355 (23,1%)** студент «тағамдардың түрі аз», **154 (10%)** студент «сатушының қызмет көрсетуі ұнамайды», **139 (9,1%)** студент «сатушының қызмет көрсетуі ұнамай», **157 (10,2%)** студент «гигиеналық талаптар сақталмаған» және **121 (7,9%)** студент «тағамдары дәмсіз» деп жауаптарын белгілеген. Демек, студенттердің басым көпшілігі асхана тағамдарының бағалары жоғары деп бағалаған.

Сонымен қатар, «*4. I ші корпустағы сатушының қызмет көрсету деңгейі өте төмен. Тым дәрекі сөйлейді және баяу қимылдайды. Келіп жүрек жалғазанымызға дейін сабаққа кешігеміз. Тағамдары өте қымбат және дәмсіз. Одан қарағанда универ жанындағы дүкенге тез ақ барып келе салғанымыз мың есе артық. Универге сырттан адам келсе, біздің универдің абыройын түсіретін асхана! Келесі семестрде барлығы реттеледі деп сенемін*», «*Очень дорогие цены, легче сходить в магазин т.к цены в магазине дешевле*» деп өз пікірін білдірген студенттерде бар.

Сіздің тамақ сапасына (дәмі, түрі) көңіліңіз толама? деген сұрақтың «Жалпы толады, бірақ кейде ұнатпаймын» деген жауабына – **710 (38,3%)**, «Иә, толығымен көңілімнен шығады» – **661 (35,6%)**, «Жоқ, менің тамақ сапасына мүлдем көңілім толмайды» – **355 (19,1%)**, Барып көрмедім – **25 (1,3%)** деп жауап берді.

Асхана бойынша нақты көңіліңіз толмайтын тұстары? деген сұраққа басым көпшілігі «Тамақ бағалары жоғары» – **1033 (55,7%)** студент жауап берген. **119 (6,4%)** студент «Асхананың жарықтандырылуы және безендірілуі», **103 (5,6%)** студент «Асхана қызметкерлерінің қызмет көрсетуі», **96 (5,2%)** студент «Жиһаздар (үстел, орындық т.б.)», **94 (5,1%)** студент «Гигиеналық талаптар мен шарттарды ұстануы (қол жуғыштардың жағдайы, жуу құралы және т.б.)», **80 (4,3%)** студент «Ыдыс - аяқ (тарелке, кесе т.б.)», **43 (2,3%)** студент «Асхана тазалығына», **14 (0,8%)** студент «Көңілім толады» деп белгілеген. Сондай ақ, сауалнамаға жауап берген студенттерден төмендегідей ұсыныстар орын алды: «Бағаларын төмендетсе, өте қымбат», «Обслуживание жоғары болса жана тамактар косылса», «Асханаға өзіннін тамағынмен кіруге рұқсат бермейді, сатушы қыз балаларына тисіп сөйлейді. Қызмет көрсетуі өте нашар, бағасы қымбат. Ыдыс-аяқ мүлдем жоқ!!!!», «Бағасын жақсы қылып қойсаңыздар күнде магазиннен емес, осы жақтан да алар едік», «Бағаларды төмендету керек, залы өте тар студенттер сыймайды очередь болып кетеді», «Ер адамды емес әйел адамды қою керек. Және алдыңғы кезекте тазалық болуы керек», «Тамақтардың бағасы қымбат. Сатушының адамдармен сойлесуі нашар», «Кофе аппарат орнату керек», «Бағаларды арзандатса екен, кейбір студенттердің қалтасы көтере бермейді», «Жиһаздарды өзгертіп, гигиеналық талаптарды жақсырақ ұстанса», «Тағамдар толықтырылса және әр корпустағы асханалар ашылса», «Тамақты перчатка киіп дайндаса және толықтай пісірсе», «2,3 сатушы қажет, қазіргі сатушы үлгермейді және дәрекі, кезекте тұрғанымызда сабаққа үлгермейміз», «Бағасы озине сай емес, и кобинесе 1 кун бурынғы тамактар асиресе плов», «Асхана аумағын кеңейту», «Тамақ түрі аз».

ҰСЫНЫСТАР:

1. Шаруашылық қызмет көрсету департаментіне:

- Асханадағы ас мәзіріндегі тағам түрлерінің бағасын студенттер үшін қолжетімді етіп, тамақ менюін түрлендіруін, ыдыс-аяқты көбейту, жиһаздарды жаңалауды қарастыру;
- Қызмет көрсету сапасы мен деңгейін жақсарту және көтеру мәселелерін қарастыру.

2. Медициналық пункттерге:

- Асханалардағы қызмет көрсететін қызметкерлердің, жалпы асханалардың тазалығын санитарлық талаптарға сай болуын күнделікті бақылау мен қадағалау жұмыстарын күшейту.

VII. СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЖАСТАР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қазіргі таңда құқық мәдениеті үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізінде жасақталған университеттің тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі – азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбие. Бұл – студент жастардың өсіп-өнуіне бірыңғай көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді.

Осыған орай, 2023 жылдың 25-30 қаңтар күндер аралығында барлық институт және факультет студенттері арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша студенттер арасында **2499** респонденттен сауалнама алынды.

Сауалнаманың ең алғашқы **«Ұсақ бұзақылық жасаған адам, қандай заң бойынша жауапкершілікке тартылады?»** деген сұрағы бойынша «434-бап. Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, тұрғын үй-жайларды қорлау және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер» - **1243** студент дұрыс жауапты белгілеген. Осы дұрыс жауапты белгілеген студенттердің бойында құқықтық сауаттылығы жоғары екендігін байқауға болады. Ал, 782 студент - бұл заңды мүлдем білмейтіндігін және бейхабар екендігін көрсеткен. 307 студент - «442 бап. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы» және 28 студент - «440 бап. Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу» деп белгілеген.

«Адамды қылмыс жасауға не итермелейді?» деген сұраққа байланысты **832** студент - «адамға қоғамдық ортаның әсері» деп өз пікірлерін білдірген. Ал, 709 студент - «адамдардың әлеуметтік жағдайы», 444 студент - «адамның бойындағы жалған намыстардың басымдығы», 266 студент - «адамды басқа біреудің итермелеуі» және 135 студент - «өзінде басқа адамдағы бар заттардың болмауы» деп әртүрлі жауаптарды белгілеген. Ең бастысы студент жастардың бойына жауапкершілік, адамгершілік, тазалық қасиеттерді қалыптастыру арқылы, қоғамдағы ешқандай қылмыстық әрекетке бара қоймайды. Сол үшін азаматтық-патриоттық, рухани құндылықты жаңғырту мақсатында жастар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізу заман талабы.

«Сіз оқитын оқу орнында «Қылмыстық топ» көріністерін байқайсыз ба, бар болса қандай?» деген сұраққа байланысты 314 студент «жоқ, байқамадым», «кездестірмедім», «қылмыстық топ жоқ» т.б. деп өз пікірлерін жазған болатын. Ал **420** студент - «жоқ» десе, 415 студент – «бұзақылық», 129 студент – «байқамадым», 113 студент – «есірткі құралдарын айналымға енгізу», 96 студент – «бопсалаушылар», 80 студент – «қорқытып алу» деп берілген жауаптарды белгілеген. Бұл сұрақтың өзектілігіне тоқталсақ, студент жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу профилактикалық жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажет. Барлық факультет, кафедраның тәрбие жұмыс жоспарында бекітілгендей, Жамбыл облыстық полиция департаменті т.б. қызметкерлердің қатысуымен кез-келген форматта түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындауда.

«ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтың 442-бабы «Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы туралы» заңды білесіңба?» деген сұрақ бойынша **2001** студент - «ия» деп жауап берсе, 245 студент – «жоқ» деген. Демек, студенттердің көпшілігі осы аталған заңға сәйкес заңды өкілдерінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде жүруге болмайтындығын біледі. Қалғандары 83 студент - «бұл заңды бірінші рет естүім», 55 студент - «осы заңды білгеннен кейін, енді түнгі уақытта далаға шықпаймын», 58 студент - «маған бәрібір» және 18 студент - «мен заңға бағынбаймын» деп жауап берген. Сол үшін кураторлар тарапынан студенттерге кураторлық және тәрбие сағаттарында осы заңның бағыт-бағдарын жеткізіп түсіндіріп отыру керек. Кейбір студенттер осы заңды білместіктен немесе тәртіптік жауапкершілікке немқұрайлы қарағандықтан түнгі уақытта құзырлы орган қызметкерлеріне ұсталынып жатады.

«Қандай да бір құқық бұзушылық орын алған жағдайда кімге жүгінесін?» деген сұрақ бойынша **1121** студент - «ең әуелі ата-анаға жүгінетіндігін» белгілеп отыр. Әрине, **764** студент - «декан, куратор, оқытушы» қызметкерлеріне, **256** студент - «достарына», **176** студент - «университет әкімшілігіне» және **39** студент - «педагог-психолог» мамандарына жүгінетіндігін атап өткен. Сонымен қатар, *«полиция қызметкеріне жүгінемін», «ешкімге жүгінбеймін, өзім шешуге тырысамын», «мемлекеттік органдарға жүгінемін», «мен өз проблемаларымен басқа адамның басын қатырмаймын»* деп кейбір студенттер өз пікірлерінде жазған.

«Университетте төбелес болып тұра ма?» деген сұрақ бойынша **1850** студент – «мүлдем болмайды» деп жауап берген. Демек, университеттің ішінде студенттер арасында төбелес әрекеттер мүлдем кездеспейтігіне көз жеткізуге болады. **203** студент – «жауап беруге қиналамын», **195** студент - «кей кезде болады» және **55** студент – «жиі болады» деп белгілеген. Сонымен қатар, кейбір студенттер *«ондай оқиғаларды көрмедім», «ондай әрекеттер болған емес», «төбелес болған емес» т.б.* деп өз пікірлерін жазып өткен.

«Сіздің ойыңызша, бұзақылық, тәртіпсіздік жасаудың себептері не?» деген сұрақ бойынша **1105** студент - «жастар арасында лидердің қалыптасуы», **760** студент - «ата-ана тарапынан бақылаудың әлсіздігі», **299** студент - «жоғары курс студенттерінен қысым көрсетуі» деп әртүрлі жауаптарды белгілеп өткен. Кейбір студенттердің пікірлеріне назар аударсақ: *«не согласие двух сторон а именно нет перемирий», «адамның сана сезімінің төмендігі», «адамның өзін-өзі басқаралмауы»*. Шын мәнінде, осы аталған барлық жауаптар адамның бұзақылыққа, тәртіпсіздік жасауына әкеліп соқтырады. Өскелең жастардың осындай тәртіпсіздік әрекетке бармас үшін, ең әуелі отбасы тәрбиесіндегі ата-анасы өз баласына дұрыс тәрбие беру қажеттілігінде жатыр.

«Сіз токсикомания не екенін білесіз бе?» деген сұрақ бойынша **1336** студент – «мүлдем білмейтіндігі», **1085** студент - «ия, оның зиян екенін білемін» деп жауап берген. Сонымен қатар, **28** студент - «менің достарым оны қолданады» және **19** студент - «қолданып көруге қарсы емеспін» деп белгілеген. Токсикомания – бұл нашақорлықтың, ішімділіктің бір түрі болып табылады. Булармен, газдармен демалу арқылы адамды тәуелділікке әкеледі. Наркотикалық заттар тізіміне кірмейтін заттарды немесе дәрілік препараттарды шектен тыс қолдану нәтижесінде туындайтын ауру. Токсикоманияның кейбір формалары ароматтық және басқа да заттар, мысалы тұрмыста қолданылатын ацетон, бензол арқылы таралады.

«Студенттік топтарда Сізге синтетикалық есірткіні ұсынған студенттер немесе өзге адамдар кездесті ме?» деген сұрақ бойынша **2328** студент - «жоқ, мүлдем кездестірмедім» десе, **81** студент - «құпия түрде есірткіні ұсынатын студенттер бар», **20** студент - «студенттер арасында есірткіні сататындар бар», **25** студент – «синтетикалық есірткіні қолданатын студенттер бар, бірақ айта алмаймын» деп жауаптарды белгілеген. Студенттердің басым көпшілігі өздерінің белгілеген жауаптарында университет қабырғасында синтетикалық есірткіні ұсынатын адамдарды мүлдем кездестірмегеніне көз жеткізуге болады. Синтетикалық есірткімен күресу құзырлы органдар үшін қаншалықты қиын болса, химиялық қоспаларға қол жеткізу соншалықты оңай болып барады. Буыны бекіп үлгермеген жеткіншектердің дені бұл дерттің торына онлайн арқылы ілігіп жүр. Себебі синтетикалық есірткілер, негізінен, интернет арқылы сатылады. Ал елімізде кез келген азамат үшін интернет дүкендер қолжетімді екені бесенеден белгілі. Сол үшін студент жастарға тәрбие сағаттарында синтетикалық есірткінің қауіптілігі мен зияндылығы туралы бейнероликтерді көрсету және әдістемелік нұсқауларды әзірлеу арқылы кураторлар тарапынан ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

«Сіз темекі немесе электронды темекі шегесіз бе?» деген сұрақ бойынша **2289** студент - «жоқ мүлдем шекпеймін» десе, **94** студент - «ия шегемін», **38** студент - «мен тек университетте өз достарымның қасында қолданамын», **27** студент - «үйден тыс жерлерде ғана қолданамын» және **15** студент - «мақтаныш пен сән үшін қолданамын» деп жауаптарын белгілеген. Демек, жауаптардың көрсеткіші бойынша студент жастардың көпшілігі темекі немесе электронды темекіні шекпейтінін атап өтті. Салауатты өмір салты - бұл ең әуелі

денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Салауаттылық - ішкіліктен, есірткі, темекіден аулақ болу, дене және жан тазалығын сақтау, тіпті қарапайым түрде айтсақ адамның киім киісі, тамақты қалыппен ішуі де кіретін игі іс-әрекет. Өмір заңдылығы салауатсыздықты кешірмейді, оғаш қылықтар түбінде опық жегізеді. Жасөспірімдердің салауаттылық өмірге ұмтылысы, зиянды әдеттерді жек көрушілігі олардың өзге адамдармен қарым-қатынасына яғни әлеуметтік ортаға тығыз байланысты. Ұрпақты өмір заңдылықтарына, салауаттылық негіздеріне бейімдеу білім беру ұйымдардың жауапкершілігі мол міндет болып табылады.

«Сіз спирттік ішімдіктерді немесе психотроптық заттарды қолданасыз ба?» деген сұрақ бойынша 2293 студент - «жоқ, мен алкогольді ішімдіктерді мүлдем ішпеймін» десе, 90 студент - «ия, мен алкогольді аз спирттік ішімдіктер ішемін», 32 студент - «негізі ішімдіктен бас тартпаймын», 24 студент - «достарыммен бірге болғанда қолданамын», 17 студент - «тек мақтаныш пен көтеріңкі көңіл үшін қолданамын» деп жауаптарды белгілеген.

Осы ішімдік пен нашақорлықтан бірінші жастарды қорғау керек. Ішімдікке бейім боп келетін уақыт – жасөспірім кезеңі. Бұл уақыттарда бала өмірінде көптеген өзгерістер болады. Бұл кезеңде топтармен бірге арақ-шарапқа үйрену қауіпі артып, ата-аналары мен педагогтардың ескертпелері еркіндігіне, құқығына қарсы көрініп, темекі, ішімдікке құмарта бастайды. Сол үшін ішімдік пен нашақорлыққа қарсы жастар арасында әртүрлі форматта тәрбие жұмыстарын жүргізу қажеттілігі бар.

«Сіздің курстастарыңыз және басқа студенттермен қарым - қатынасыңыз қандай?» деген сұрақ бойынша 2052 студент - «жақсы» деп белгілесе, 204 студент - «қанағаттанарлық», 95 студент - «мен басқа студенттермен жақын араласпаймын», 79 студент - «өз бетімше жүргенді ұнатамын» деп өздерінің таңдаған жауаптарын белгілеп шықты.

Студенттік кезең – бұл адамгершілік дамуының, моральдық мөлшерді меңгерудің қарқынды даму кезеңі. Адамгершілік дамуы өзіне адамгершілік сана-сезімді, адамгершілік мінез-құлық және адамгершілік қарым-қатынасты жинақтайды. Студенттік кезеңде студенттердің қарым-қатынас мәдениеті, құрбы-құрдастарымен өзара қатынастары айтарлықтай өзгереді. Тіпті олар үшін жора-жолдастарына көмек қолын беруге дайын тұру, достықты сүю, мейірімділік және қайырымдылық сияқты қасиеттер өте маңызды саналады.

Студенттің қарым-қатынас дағдылары мен икемділігін қалыптастыру, яғни, студенттің іскерлік психологиялық қарым-қатынас кезіндегі әртүрлі жағдайларға бейімделуі, тез меңгеру қабілеттеріне ие болуы, студенттермен жағымды қарым-қатынас позициясын құруға ұмтылу, мотивациясы мен білімін заманның талабына сай жетілдіру аса маңызды болып табылады.

«Сіздің ойыңызша студенттердің өзекті проблемалары қандай?» деген сұрақ бойынша 600 студент - «отбасының материалдық жағдайын төмендегі», 525 студент - «нашақорлық, алкоголизм, суицид», 475 студент - «махаббаттағы қателік», 273 студент - «басқа діни ағымдарға қызығушылық, діни сауаттылықтың төмендігі», 226 студент - «қылмыс (ұрлық, зорлық-зомбылық, кісі өлтіру)» және 78 студент - «білмеймін» деп таңдаған жауаптарын білдірді.

Студенттер - қоғамның ірі интеллектуалдық әлеуеті. Студенттердің әлеуметтік құрылымы негізінен біздің қоғамымызды әлеуметтік құрылымын айқындайды. Қазақстан жастарын көбіне тұрғын үй алудың қиындығы, білім беру курстарының қымбаттығы, жұмыссыздық пен жұмысқа орналасу мәселесі қинайтыны жасырын емес. Жастарды әлеуметтендіру бағыты бойынша әзірленген жол картасы аясында білім беру ұйымдары тарапынан сапалы білім беру мен жұмысқа орналастыру міндеттері айтылған

«Сіз өзіңізді білім алып жүрген ортаңызда жайлы сезінесіз бе?» деген сұрақ бойынша 1438 студент - «өте жайлы сезінемін», 899 студент - «жақсы сезінемін», 79 студент - «басқа ортаға ауысқым келеді», 54 студент - «нашар сезінемін» деп жауап берді. Сонымен қатар, өз пікірлерін білдірген студенттерде бар. Мәселен: *«өте жайлы, бірақ универдың іші*

жылы болғанда тіпті керемет болушы еді», «Хотелось бы хорошего ремонта», «тек озмнын жакындарыммен журсем гана маган жайлы»

«Сізге және курстастарыңызға өзге студенттер тарапынан қай қысымның түрі жиі кездеседі?» деген сұрақ бойынша 1438 студент - «университетте студенттер бір-бірімен жақсы қатынаста», 291 студент - «жауап беруге қиналамын», 123 студент - «психологиялық қысым (боқтау, зомбылық, итермелеу)», 24 студент - «физикалық қысым (ұрып-соғу, ақша сұрау, төбелес)», 59 студент - «жоқ» және 134 студент - басқа өзіндік пікір ретінде жауаптарын берген. Басқа өзіндік пікір ретінде белгілеген жауаптарында студенттердің көпшілігі өзге студенттердің тарапынан ешқандай қысым кездеспейтіндігін айтып өткен.

«Сізге университеттегі қауіпсіздікті ұйымдастыру жұмыстары ұнайды ма?» деген сұрақ бойынша 1910 студент - «ия, ұнайды» десе, 231 студент - жауап беруге қиналған. 176 студент - «өңіріміздегі іргелі оқу ордасы деп санаймын», 83 студент - «басқа университетке ауысқым келеді» деп жауаптарын белгілеген. Сонымен қатар, кейбір студенттер өз пікірлерінде білдірді: *«аварийный выход жоқ. Огнетушитель сроктары өтіп кеткен», «не замечала работ по безопасности», «қауыпсіздік жағынан 0 деп ойлаймын. Себебі охраниктер жоқ көбінесе студенттік билет тексермейді... Мүмкін бөтен адам кірген шығар оныда білмейді! Камералардың көбісі дұрыс істемейді білуімше...! ҚАУІПСІЗДІККЕ НАЗАР АУДАРСА ДИМІН»*

«Буллинг не екенін білесіз бе?» деген сұрақ бойынша 1096 студент - бұл сөзді «бірінші рет естүім» деп белгілесе, 1022 студент - «адамды қоқыту, үркіту арқылы күш көрсету» деп белгілеген. 124 студент - «буллинг жасаған адам жауапкершілікке тартылады», 111 студент - «адамды мақтау, марапаттау» деп жауап берген. Демек, студенттердің көпшілігі буллинг деген сөздің мағынасын және түсініктемесін білмейтіні анықталды.

Bullying сөзі ағылшын тілінен аударғанда «қорқыту», «кемсіту», «мұқату» дегенді білдіреді. Буллинг - агрессия немесе күш көрсету арқылы адамның өзгені қорлауы, үстем екенін көрсетуі. Буллинг жасаушы мұны күшпен де, сөзбен кемсіту арқылы да жасайды әрі бұл әрекетін жиі қайталауы мүмкін.

Буллингтің негізгі төрт түрі бар. Олар: сөзбен қорқыту, күшпен қорқыту, реляцион түрі және кибернетикалық буллинг. Сөз формасындағы буллингте адам ауызша айқаймен, дауыс көтеру арқылы және күліп, кекетіп-мұқату арқылы зорлық көрсетеді. Құрбанды қорлап, оның намысына тию, сыртынан ол туралы өтірік айту, өсек тарату, дөрекі сөйлеу, жәбірлеу сөз түріндегі буллингке кіреді.

Күш көрсету арқылы жүретін түрі адамның тәніне зиянын тигізеді, оның дүние-мүлкіне зардап әкеледі. Мәселен, иықпен қағып өту, ұру, төбелесу осы қатарда. Әдетте буллинг басқалай басталып, ақыр соңында күш көрсетуге алып келеді. Күш көрсету — өлімге апаруы мүмкін өте қауіпті буллинг түрі.

Relational буллингті кейде әлеуметтік агрессия деп те атайды. Бұл – бір адаммен қарым-қатынас құру арқылы оған зиян келтіру, кемсіту. Сондай-ақ реляцион буллинг түсінігін бір адам басқа жанның репутациясына кір келтіргісі келген, оның қоғамдағы беделіне нұқсан келтіруді ойлап жасаған әрекетін сипаттағанда да қолданады. Relational буллинг сырт көзге жақын араласатын адамдар боп көрінетін ортада болуы мүмкін. Сондықтан ол ұзақ уақыт басқа адамдарға байқалмай, бірнеше жылға жалғаса береді.

Кибербуллинг - интернет, әлеуметтік желі, түрлі сайт арқылы қоқан-лоқы көрсету. Жәбірлеуші телефонмен хабарласып немесе әлеуметтік желіде жазып, адамды қорқыта алады. Кибербуллинг жасаушы ауызша немесе белгілі бір фото, видео жариялап, қорлауы мүмкін. Сонымен қатар құрбанға зиян тигізу мақсатында ойластырылған арнайы тапсырыс аясында кибербуллинг белгілері байқалуы мүмкін.

ҰСЫНЫСТАР:

1. *Институт директоры және факультет декандарына:*

- академиялық топ кураторлары тарапынан студенттердің арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу профилактикалық жұмыстарын күшейту қажет;

- студенттер үйінде өткізілетін іс-шараларға құқық қорғау органдарының қызметкерлерін шақыра отырып, құқық бұзушылықтың алдын-алу саласындағы қоғамдық тәртіп туралы, ҚР Қылмыстық және ҚР Әкімшілік Кодекстерінің баптары және жауапкершілік туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын үздіксіз оқу жылы бойы жүргізу.

2. Академиялық топ кураторларына:

- құқық бұзушылықтың алдын-алу тақырыбында бейнероликтерді, оқу әдістемелік нұсқауларды және буклеттерді кураторлық сағаттарда және күнделікті тәрбие жұмысында кеңінен пайдалану;

- ата-аналармен арнайы чат арқылы студенттердің жүріс-тұрысы туралы, бос уақыттарын қайда өткізетіндігі туралы, үнемі 24/7 сағат байланыста болуы қажет;

- психологиялық қолдау орталығының мамандарының әзірлеуімен сауалнамалап жүргізу және олардың қатысуымен үнемі кездесулер, тренингтер, семинарлар өткізіп тұру;

- студенттер жатақханаларында тұратын студенттердің жатақхананың ішкі тәртіп ережелерін сақтауын, хал-жағдайын, бос уақытын өткізілуі туралы үздіксіз, бақылауда ұстау қажет;

- студенттердің спорттық секцияларға, шығармашылық студияларға, жастар ұйымдарына белсенді қатысуын қамтамасыз ету қажет.

VIII. СПОРТ. САЛАУАТТЫЛЫҚ. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ.

2022 жылдың 26-30 желтоқсан күндер аралығында университеттің барлық институт және факультет студенттері «Студенттің салауатты өмір салты мен дене шынықтыруы» тақырыбындағы сауалнамаға **1627** респондент қатысты.

«Салауатты өмір салтына деген көзқарасыңыз қандай?» деген сұрағына назар аударсақ, **1205 (74,1%)** студент «өте жақсы» деп бағалағанды, «жақсы» деген нұсқаға 409 (25,1%) студент, ал «төмен» 13 (**0,8%**) деп студенттер белгілеген. Респонденттердің басым көпшілігі Дулати университетінің студенттері салауатты өмір салтына жоғары баға беруде.

«Салауатты өмір салтын ұстанасыз ба?» деген сұрақ бойынша «Иә» **1342(82,5%)** студент деп жауап берсе, ал, 285 (17,5%) студент «жоқ» деп жауап қайтарып отыр. Бұл жөнінде негізгі проблемалар гаджеттерді көп қолдана отырып спортқа қызығушылық танытпай кеткендері деп ойлаймыз.

«Спорттың қай түрін ұнатасыз?» деген сұраққа байланысты 12 спорт түрлерін белгілеп көрсеткен. Волейбол спортын қолдайтын студент (41,3%) құраса, 15,3 % жүзу спортын тандап отыр. Одан бөлек футбол-14,7%; баскетбол – 8,9; бокс – 6,6%; каратэ -2 %; жүгіру – 0,5%; би – 0,3% деген жауаптар келіп отыр.

Жалпы үйірмелер туралы ақпараттарды көптеген студенттердің білмейтіндігін көруге болады. Бұл ақпараттарды университет сайтынан бастап, Facebook, Instagram әлеуметтік желілерде бар екендігін білмеуі тікелей кураторардан сұрамауы не болмаса сол үйірмелерге қызығушылығының төмен екендігін көрсетіп отыр.

«Спорт түрлерінің қайсысына қатысасыз?» деген сұраққа байланысты 12 спорт түрлерін белгілеп көрсеткен. Волейбол спортын қолдайтын студент (27,7%) құраса, 10 % жүзу спортын тандап отыр. Одан бөлек футбол- 9,6 %; Баскетбол – 5,5; бокс – 5,2%; каратэ – 1,8%; жүгіру – 0,3%; қол күрес 0,5%; би – 0,1%. Спортпен түрлеріне қатыспайтын студенттер пайызы 8,1 % болып отыр.

Жалпы университетімізде және басқа да спорттық мекемелерде спортпен шұғылднатын студенттердің көбісі спорттық ойындарды белгілеген. Әрине спорттық ойындар командалық болғандықтан пайыз көрсеткіші көп болады. Жекеленген спорт түрлеріде жақсы көрсеткіштерді көрсетіп отыр.

«Спорт саласындағы атақты университет түлектерінің ішінде кімді үлгі тұтасыз?»

Артаев Бақтияр - 35,6%

Ыстыбаев Бейбіт - 27,4%

Ақүрпеков Нурлан - 8,5%

Жоғарыда көрсетілген университетіміздің спорт саласындағы атақты спортшылар мен жаттықтырушы түлектері көрсетілген. Соңғы жылдардағы Олимпиада жүлдегерлерімен чемпиондарына көп тандағанымен сол спортшыларды даярлаған жаттықтырушыларды көбісі білмейтіндігін көрсетіп отыр.

«Университет ауласындағы спорттық қалашықтар мен спорт залдардың жағдайына қандай баға бересіз?» деген сұрағына, **1178 (24%)** студент «өте жақсы» деп бағалағанса, «жақсы» деген нұсқаға **212 (56,5%)** студент, ал «төмен» деген бағаны (**19,5%**) студенттер белгілеген.

Университетіміздің студенттері жалпы спорттық нысандарға жақсы деген баға берді.

«Университетте қандай спорттық құрылымдар болғанын қалайсыз?» деген сұраққа байланысты студенттеріміздің басым көпшілігі «Бассейн» деп көрсеткен. Одан бөлек «Спорт кешен», «ашық спорттық аландар», деген жауаптар беріп отыр.

Кейбір жауаптарға қарасақ волейбол, теннис, фитнес зал, тб жауаптарды көруге болады. Бұлардың барлығын бір спорттық кешенге орналастыруға болатынын ескеру керек. Одан бөлек «білмеймін», керегі жоқ деген жауаптарда кездесіп отыр. Әрине бұл жаңашыр студенттің жауабы деп айта алмаймыз.

«Университет жатақханаларына спортпен шұғылданатын залдар керек пе?» деген сұраққа «ия» деп **1450 (90%)** студент жауап берсе, **162 (10%)** студент «жоқ» деген жауапты белгілеген.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің жатақханаларында спорт залдардың керек екенін былай түсіндірге болады. Студенттер бос уақыттарын өз денсаулықтарын жақсартуын ойландыратындай жақсы спорт залдар болып, сол залдарда спорттық құрылымдар болса студенттердің бос уақыттарын дұрыс қолданады деп сенем.

«Университет аулаларына спортпен шұғылданатын қалашықтар керек пе?» деген сұрағы бойынша деген сұраққа «ия» деп **1498 (92,1%)** студент жауап берсе, **129 (7,9%)** студент «жоқ» деген жауапты белгілеген. Студенттер сабақ арасынада немесе бос уақыттарында университет ауланысында орналасқан спорттық қалашықтарға барып салауатты өмір салтын ұстануын ойланатыны сөзсіз. Бос студенттер қол жетімді қалашықтарды бас тартпайды деп білем.

«Университетте спортпен шұғылдану болатын мүмкіндіктерін бағалаңыз» деген сұрақ бойынша 5 – 21,7%; 4 – 25,7%; 3 – 33,1%; 2 – 11,8%; 1 – 7,7% көрсеткішпен респонденттер спортпен шұғылдану мүмкіндіктерін бағалап отыр.

Университетіміздің көптеген спорттық құрылымдары ескі екені мәлім, ескі бола тұра көптеген спорттық құрылымдар қолдану мүмкіндігі әліде жоғары.

«Университет спорттық жетілдіру курстары жүргізілетінін білесіз бе?» деген сұраққа байланысты «ия» деп **1057 (65%)** студент жауап берсе, **570 (35 %)** студент «жоқ» деген жауапты белгілеген.

Университет қабырғасында 39 үйірмелер жұмыс атқаратындығы туралы ақпараттарды көптеген студенттердің білейтіндігін көруге болады. Бұл ақпараттарды университет сайтынан бастап, Facebook, Instagram әлеуметтік желілерде бар екендігін білмеуі тікелей кураторардан сұрамауы не болмаса сол үйірмелерге қызығушылығының төмен екендігін көрсетіп отыр.

«Спорттық үйірмелер туралы ақпаратты қайдан алуға болатынын білесіз бе?» деген сұраққа байланысты «ия» деп **1002 (61,6%)** студент жауап берсе, **625 (38,4%)** студент «жоқ» деген жауапты белгілеген.

Бұл сауаланама анықтамасы да университетте 39 үйірмелер жұмыс атқаратындығы туралы ақпараттарды студенттер қызығушылық танытпайтындығы анық. Бұл ақпараттарды университет сайтынан, Facebook, Instagram әлеуметтік желілерде бар екендігін білмеуі тікелей кураторардан сұрамауы не болмаса дене шынықтыру пәні мұғалімдерінен де сұрамағандығын көрсетіп отыр. Жалпы ақпарат оқу жылдың басында таратылып студенттік киосктарда көрсетілген.

«Университет спорттық үйірмелеріндегі спорт түрлерінің қайсысына қатысасыз?» Бұл сауаланама жауабына көптеген респонденттер университет үйірмелеріне қатыспайтындығын жазып отыр. Неліктен деген сұраққа жауап берсек спорттық нысандардың қызығушылық танытпайды, жаттықтырушының жаттығу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі шектеулі деген жауаптарды естуге болады. Үйірмелерге қатысатын студенттердің көпшілігі волейбол, баскетбол, футбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ тб үйірмелер атауын көрсеткен.

«Спорттық үйірмелерді жүргізетін жаттықтырушылар біліктілігі көңіліңізден шығадыма?» деген сұраққа байланысты «ия» деп **1275 (78,4%)** студент жауап берсе, **352 (21,6%)** студент «жоқ» деген жауапты белгілеген.

Басым көпшілігі үйірмелерді жүргізетін жаттықтырушыларының көңілдерінен шығатынын көрсеткен. Ол дегеніміз жаттықтырушылар өз жұмыстарын жүргізуден студенттердің тіл табысып үйрете алатын маман екендігіне көз жеткізген.

Өрине көп жаттықтырушы студент көңілінен аулай алмайтыны барлығымызға мәлім, дегенімен де жаттықтырушылардың білімі жеткенше оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізетіні анық.

«Спорттық үйірмелерді жүргізетін жаттықтырушылар деңгейіне баға беріңіз» деген сұрақтың жауабына 5 – 36,1%; 4 – 31,3%; 3 – 22,1%; 2 – 5,3%; 1 – 5,1% көрсеткішпен респонденттер жаттықтырушыларын бағалап отыр.

Студенттердің көпшілігі үйірмелерді жүргізетін жаттықтырушыларының баға беруі жақсы екендігін көруге болады. Жаттықтырушылар үйірме жұыстарын жүргізуден студенттердің жақсы даярлау мен спорттық білім бере алатындығын бағасы деп білеміз.

«Спорттық үйірмелердің жұмысын бағаланыз» деген сұрақтың жауабына 5 – 34%; 4 – 31,3%; 3 – 23,2%; 2 – 5,8%; 1 – 5,8% көрсеткішпен респонденттер үйірмелер жұмысын бағалап отыр.

Жалпы үйірме жұыстарына жауапты жаттықтырушылардың көп бөлігі студенттердің көңілінен шығатындығын көрсетіп отыр. Әрине төмен баға бергенде 11,6 пайызды құрап отыр. Бұл дегеніміз аз да болса бұл жұмыстың төмендеп бара жатқан көрсеткіш.

«Университеттен тыс спорттық үйірмелерге қатысасыз ба? «Иә» болса қай мекемеде?» деген сұрақтың жауабын «иә» деп 463 (28,5%), «жоқ» деп 1105 67,9% студент жауапты белгілеген. **«Иә» болса қай мекемеде?»** деген сұраққа көптеген респонденттер Тараз Арена спорт кешенін танадаса, Казфосфат спорт кешені екінші орында тұр, ал Бокс сарайы үшінші орынға тұрғаны көрсетілген. Одан бөлек кіші спорт залдарында басқа да спорт түрлерімен айналысаиынын көрсеткен. Жалпы спорттық үйірмелерге қытспаймын «жоқ» деген жауаппен – 1105 студент жауап қайтарып отыр.

«Университетте спорттық жетілдіру үйірмелері тегін өткізілетінін білесіз бе?» деген сауалнамаға «иә» 1089 студент жауап берсе (66,9%), «жоқ» деп – 538 (33,1%) студент жауап қайтарып отыр.

Бұл дегеніміз жоғарыда айтқандай студенттердің қызығушылығы төмен, не болмаса жалқаулық, студен бос уақыттарын дұрыс қолданбау тәртібі деп ойлаймын. Жалпы үйірелер сабақ уақытынан тыс өткізіліп аптасына кем дегенде 2 рет өткізіледі, кейбір үйірмедлер 3 реттен өтіп жатса, карате-до Шотокан үйірмесі аптасына 5 рет жүргізіледі.

«Спорттық үйірмелерге қай мекемеде қатысқанды жөн санайсыз?» деген сұрақтың сауалнамасы келесідегідей **Университетте – 24,3%; Спорт мектептерінде – 18,5 %; Ақылы спорт залдарда – 28,1%; Спорт алаңдарында – 15,6%; Үй жағдайында – 13,5%** құрап отыр.

Ең көп пайыз жинаған жауап ақылы спорт залдарды таңдап көрсеткен. Әрине ақылы залдар заман талабына сай және жаттығу жұмыстарына қолайлы болғандықтан таңдауы жоғары болып отыр.

Университет қабырғасындағы үйірмелер тегін әрі қол жетімді болған соң пөптеген студенттер университет қабырғасында үйірмеге қатысқанды жөн санап отыр.

Одан кейінгі көрсеткіштер спорт мектептерін көрсеткен, спорт мектептерінде жаттықтырушы шеберлігі өте жоғары болғаны себеп.

Келесі ретте тұрғылықты жерден алыс орналаспаған спорт алаңшалары мен үй жағдайын таңдап отыр.

ҰСЫНЫСТАР:

- жаттықтырушыларды кәсіби біліктілігін арттыру курстардан өткізу;
- барлық спорттық құрал-жабдықтарды жаңарту;
- жатақханаларда спорт залдар ашу;
- университет аулаларына спорттық қалашықтар орналастыру;
- кураторлар спорттық үйірмелер туралы студенттерге анықтамаларды кураторлық сағаттарында жеткізу;
- спорттық нысандарына жөндеу жұмыстарын жасауды қарастырылуы;
- түрлі спорттық жарыстар (универсиада, спартакиада) және жаппай дене шынықтыру бағытындағы эстафеталар ұйымдастырылуы қажет.

VIII.1. ӨНЕР ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ

2023 жылдың 27-қаңтар мен 3-ақпан күндер аралығында университеттің барлық институт және факультет студенттері арасында студенттердің бос уақытын қалай пайдаланып жатқанын анықтау және кәсіби емес шығармашылыққа деген бейімділігін дамыту мақсатында өткізілген сауалнамаға **1545** респондент қатысты.

«Әдетте бос уақытты қалай пайдаланасыз?» деген сұрақтың жауабын **341 (23,3%)** студент «бос уақытты достарыммен өткіземін» деп белгілесе, **240 (16,4%)** студент «өзін-өзі дамытумен айналысамын» деп, **177 (12,1%)** студент «әуестенетін сүйікті ісім бар», **140 (9,6%)** студент «әдетте ештеңе істемеймін» деп көрсеткен.

«Университеттің шығармашылық үйірмелері жайлы білесің бе?» деген сұрақтың жауабын **853 (58,3%)** студент «ия естігенмін», **408 (27,9%)** студент «жоқ білмеймін», **195 (13,3%)** студент «ия білемін, қатысамын» деп көрсеткен. Демек, осы жауаптарға назар аударсақ, студенттердің көпшілігі университеттің құрамында шығармашылық үйірмелердің бар екенін және жұмыс жасайтынын білген. Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменті тарапынан шығармашылық үйірмелердің жұмыстарын қадағалап, зерделеп келеді. Ал, «білмеймін» деген жауапқа байланысты институт, факультет және кафедра тарапынан студенттерді шығармашылық үйірмелерге тартып, ынталандыру жолдарын табу қажет.

«Қандай шығармашылық студияларына қатысқансыз?» деген сұрақтың жауабын **366 (25%)** студент «би», **193 (13,2%)** студент «музыкалық» деп, **166 (11,4%)** студент «аспапта орындау», **108 (7,4%)** студент «театр» деп көрсеткен.

«Сіздің пікіріңізше, университетте қандай іс-шаралар жеткіліксіз және қандай іс-шаралар жиі өткізілуі керек?» деген сұраққа байланысты **508 (35,4%)** студент «бос уақытты тиімді өткізу іс-шаралары (мерекелер, ойындар)» деп жауап берсе, **485 (33,2%)** студент «қызықты адамдармен кездесулер», **323 (22,1%)** студент «Спорттық іс-шаралар (жарыстар, чемпионаттар)» деп жауапты белгілеген. Демек, осы жауаптарға назар аударсақ, студенттердің көпшілігі университеттің құрамында шығармашылық үйірмелердің бар екенін және жұмыс жасайтынын білген.

«Сізге қандай іс-шараларға қатысқан ұнайды?» деген сұраққа байланысты **1056 (72,2%)** студент «жаңа іс-шараларға қатысқан ұнайды» деп жауап берсе, **305 (20,9%)** студент «дәстүрлі іс-шараларға қатысқан ұнайды» деп жауапты белгілеген. Осыған орай студенттерге жаңаша, бұрын болмаған іс-шаралар қызықтырады.

«Мұндай іс-шараларға әдетте қандай лауазымда қатысасыз?» деген сұраққа байланысты **917 (62,7%)** студент «көрермен» деп жауап берсе, **380 (26%)** студент «қатысушы» деп, **84 (5,7%)** студент «ұйымдастырушының көмекшісі» деп жауаптарды белгілеген. Жалпы «көрермен» деп жауап берген студенттердің көпшілігі сахнаға қызуғышылықпен қарайтыны белгілі. Сонымен қатар, «қатыспаймын», «іс-шара болатындығынан хабарсызбын» және «бізді шақырмайды» деп кейбір студенттер өз пікірлерін білдірген болатын.

«Шығармашылық үйірмелерге қатысуға не кедергі?» деген сұраққа байланысты **710 (48,6%)** студент «сабақ кестесі» десе, **311 (21,3%)** студент «икемім жоқ» деп, **302 (20,7%)** студент «жұмысым бар» деп жауаптарды белгілеген. Демек, бұл сұрақ бойынша студенттердің көпшілігі оқу кестесі кедергі екенін айтып, корпустардың алыс орналасуын себеп етіп отыр. Кейбір студенттер оқудан бөлек жұмыстары барын белгілеп өз пікірлерінде жазған болатын.

«Сізді қандай форматтағы іс-шаралар қызықтырады?» деген сұраққа өз пікірлерін жаза кеткен: «концерттік», «оффлайн», «жаңа форматтағы», «жарыстар», «акустикалық кеш», «интеллектуалдық», «жайдарман», «спорттық» тағы сол сияқты ұсыныстар өте көп болды. Осыған орай студенттерге жаңаша, бұрын болмаған іс-шаралар қызықтырады.

«Іс-шараға қатысудың шешуші факторы қандай?» деген сұрақ бойынша **880 (60,2%)** студент «өзіңіз үшін жаңа нәрсені үйрену» десе, 258 (17,6%) «өзіңнің мүмкіндігіңді таныту» 148 (10,1%) «достармен уақыт өткізу» деп көрсеткен. Демек, жауап берген студенттердің көпшілігі іс-шараның жаңа нәрсені үйреніп, оны сахнаға шығару маңыздылығын түсінеді, достарыммен уақыт өткізіп, көрермен болып отырғанды ұнататындар да бар.

«Сабақтан тыс уақытты тиімді өткізу мүмкіндіктеріне қанағаттанасызба?» деген сұрақтың жауабында **724 (49,5%)** студент «көңілім толығымен толады» деп белгілесе, 411 (28,1%) студент «көңілім жартылай толады», 125 (8,5%) студент «жауап беру қиыншылық тудырады» және 105 (7,2 %) студент «көңілім толмайды» деп белгілеген. Бұл сұраққа басым көпшілігі оң жауабын берген, яғни студенттер бос уақытын тиімді, пайдалы өткізуде. Сон да да жауап беруге қиналамын дейтіндер де баршылық оған себеп өзінің немен айналысатынын таппай, өз саласына ене алмай жүрген студенттер секілді. Оларға кураторлары, әлеуметтік желі арқылы жіберілетін ақпараттар арқылы судияларға тарту, спорт секцияларына, студенттік парламент ұйымдарына тарту міндеттелуі тиіс.

«Университете сіздің талантты достарыңыз немесе куртасыңыз бар ма?» деген сұраққа байланысты **1041 (71,2%)** студент «ия» деп белгілесе, 90 (6,2%) студент «білмеймін», 82 (5,6%) студент «жоқ» деп жауаптарын көрсеткен. Жауап берген студенттердің басым көпшілігі талантты куртасы, досы бар екенін айтып, аты жөнін жазғандар да көп болды. Сондықтан ұялшақ, өз өнеріне көзі жетпейтін студенттерді студияларымызға тарту үшін бірқатар түсіндіру іс шаралары өтуде.

«Сіз де қандай шығармашылық қабілеттеріңіз бар?» деген сұраққа **287 (19,6%)** студент «билеймін» деп белгілесе, 232 (15,9%) студент «ән айтамын» деп, 218 (14,9%) «фотоға түсіремін» деген жауап берген. Барлық қатысқан студенттер өз таңдауымен әртүрлі бағыттағы жауаптарды білгілеген. Көпшілігі билеп, ән айтатынын және фотоға түсіретінін айтқан. Сұраққа байланысты шығармашылық орталықта вокал студиясы, хореография студиясы жұмыс жасауда, ендігі кезекте студенттердің таңдауы бойынша заман талабына сай фото студияны қамтамасыз ету жұмыстары жоспарлануда.

«Студенттерге арналған іс-шаралар, шығармашылық орталық жұмыстары туралы ақпаратты қайдан білесіз?» деген сұрақ бойынша **473 (32,4%)** студент «куратордан» деп белгілесе, 274 (18,7%) студент «бірге оқитын студенттерден, достар мен таныстардан» деп жауап берген. Университетте студенттердің көпшілігі кураторлармен тығыз қарым-қатынаста болғандықтан кураторды жоғары бағалап отыр. Кураторлар студенттердің ерекше рухани кеңесші және тәрбие жұмысын жүргізу кезіндегі негізгі тұлға болып табылады. Куратордың мақсаты мен міндеті – студенттердің тұлғалық дамуының үйлесімділігін қалыптастыру, оқу орнындағы оқыту әдістерін меңгеруіне көмек беретін және студенттердің бойындағы шығармашылық қасиеттерін қалыптасуына ықпал етеді. Бұл сұраққа байланысты студенттер кураторлармен байланыста екендігін, куратордың ықпалдылығы әсер ететінін білдіреді.

«Қандай шығармашылық ортада өнер көрсеткің келеді?» деген сұраққа байланысты **317 (21,7%)** студент «хор» деп жауап берсе, 267 (18,3%) студент «соло» және 202 (13,8%) «дуэт» деп, 184 (12,6%) «ансамбль» деп жауап берген. Демек, бұл сұрақтың жауабында студенттердің топтық жұмыс жасаудан қорықпайтындығын, көпшілік ортада ән айтқылары келетінін көрсетеді және жеке ән орындағысы келетіндер де баршылық. Демек бұл сұрақтың жауабын университетіміздің жастары жан жақты талғамдары әр түрлі деп қорытындыласақ болады.

«Шығармашылық студиялардың залдары қанағаттандырады ма?» деген сұраққа байланысты **626 (42,8%)** студент «ия» деп белгілесе, 603 (41,2%) студент «білмеймін» және 208 (14,2%) студент «жоқ» деп жауап берген.

«Сабақтан тыс уақытты тиімді өткізуге сіздің ұсынысыңыз » деген сұрақ-ұсынысқа өз пікірлерін жазған. Мысалы: *«Үйірмеге қатысу», «өзін өзі дамыту», «кітап*

оқу», «спортпен айналысу» деп жауап берген. Демек, бұл сұрақ бойынша студенттердің ойы әр-түрлі, бос отырмай өзін дамытқысы келетіні анық.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Институт директорлары және факультет декандарына, академиялық топ кураторларына:

- Студенттер арасында дарынды, шығармашыл, креативті студенттерді анықтап, шығармашылық студияларға қатысуына үгіт насихат жұмыстарын жүргізу арқылы ықпал ету;

- Оқу департаменті мен офис регистраторымен бірлесе отырып, сабақ кестелерін студенттердің шығармашылық студияларына қатысуына қолайлы оптималды етіп жасауға ықпал ету және студенттерді моральді, материалды түрде ыңталандыруды қарастыру;

2. Шаруашылық қызмет көрсету департаментіне:

- Хореографиялық залдарды талаптарға сай болуын қамтамасыз ету және жаңа хореографиялық залдардың, сонымен қатар студенттер жатақханаларында ашылуын қарастыру.

3. Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығына:

- Музыкалық дыбыс жазу студиясының қайта жаңдандырылуын қамтамасыз ету;

- Заманауи би, хор студияларының жұмысын қамтамасыз ету және студияға қатысатын студенттердің санын көбейту;


- Костюмерлік базаны жаңарту;

- Дыбыс аппараттары мен микрофондарды жаңалау туралы мемлекеттік сатып алу бөліміне тапсырыстар дайындау;

- Концерттық залдарды (сахналарды, жарық шамдарын, светомузыкаларды, Led экрандарды) жөндеу туралы тапсырыстар дайындау;

- Әр түрлі бағытта, деңгейде өтетін шығармашылық іс-шаралар, байқаулар мен кештер өткізуін көбейту.

IX. ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ ДАМУЫ



М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті жастар ісі жөніндегі комитеті жанында:

1. Студенттік деканат (7).

2. Жатақхана студенттік кеңестері (3).

- 1) №1 жатақхана студенттік кеңесі;
- 2) №2 жатақхана студенттік кеңесі;
- 3) №3 жатақхана студенттік кеңесі.

3. Жастар ұйымдары (7):

- 1) «Қазақстан волонтерлар лигасы»;
- 2) «Enactus Dulaty» жастар ұйымы;
- 3) «Біз біргеміз» жастар ұйымы;
- 4) «Жалын» волонтерлық ұйымы;
- 5) «Мәңгілік ел» ұйымы;
- 6) «Достық» жастар ұйымы;
- 7) «Kdm Team» жастар ұйымы.

4. Жастар қозғалыстары (4):

- 1) «Жастар Рухы» жастар қозғалысы;
- 2) «Қазақстан студенттерінің Альянсы» жастар ұйымы;
- 3) «Жайдарман» клубының лигасы;
- 4) «Еркін ойлар алаңы» интеллектуалды пікірсайыс клубы, дебат қозғалысы.

5. Студенттік қызығушылық бойынша клубтар (5):

- 1) «Фемида» құқықтық клубы;
- 2) «Алаш тағылымы» тарихи-танымдық клубы;
- 3) «Мұрагер» жастар клубы;
- 4) «Парыз» клубы;
- 5) «Қамқор» студенттік клубы.

6. Фракциялар (8):

- 1) Құқық және тәртіп фракциясы;
- 2) Ақпарат фракциясы;
- 3) Спорт және салауатты өмір салты;
- 4) Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы;
- 5) Қамқорлық фракциясы (еріктілік);
- 6) Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық);
- 7) Дебат қозғалысының фракциясы;
- 8) Экология және еңбек фракциясы.

7. Студенттік омбудсмен жұмыс атқарады.

Жастар – қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымын анықтайтын күш және олар терең даму мен жаңа түрленудің катализаторы ретінде әрекет етеді. Жастар – өзгерістердің басты факторы, сондықтан олар неге қызығатынын, қазақстандық қоғамда болып жатқан процестерге олардың көзқарасы қандай екенін біліп, түсінудің орасан маңызы бар.

Осыған орай, 2022 жылдың 18-26 желтоқсан күндер аралығында университеттің барлық институт және факультет студенттері арасында жастар саясаты туралы сауалнамаға 2700 респондент қатысты.

«Жұмыс жасайсыз ба? / Работаете ли вы?» деген сұраққа байланысты «ия» деп – 852 (31,5%) жауап берсе, «жоқ» деп – 1849 (68,5%) студент жауап берген. Демек, студент жастардың көпшілігі жұмыс жасамаймыз деп жауап берді.

«Бос уақытыңызды қалай өткізесіз? / Как проводите свое свободное время?» деген сұраққа: «Сабаққа дайындаламын» – 1044 (38,7%), «Спортпен шұғылданамын» - 583 (21,6%), «Белсенді студенттер қатарындамын» – 503 (18,6%), «Жұмыс жасаймын» - 436 (16,1%), «Басқа» - 25 (1%).

«Сіз үшін өміріңіздегі ең басты құндылық?»/Что для вас имеет наибольшую ценность в жизни?» деген сұраққа: «Отбасы» - 1705 (63,1%), «Денсаулық» - 342 (12,7%), «Материалдық қамсыз өмір» - 185 (6,9%), «Сенім, дін» - 126 (4,7%), «Достық» - 54 (2%), «Білім алу» - 48 (2%), «Махаббат» - 46 (2%), «Жауап беруге киналамын» - 176 (6,5%).

«Сіздің өміріңізде қоғамдық пікірге ықпал ететін беделді адамдар немесе адамдар тобы бар ма?»/Есть ли в вашем регионе авторитетные люди или группы людей, влияющие на общественное мнение?» - деген сұраққа респонденттер: «Ондай адам жоқ» - 1151 (42,6%), «Қоғамға танымал тұлғалар» - 398 (14,7%), «Діни қызметшілер» - 343 (12,7%), «Блогерлер, тиктокерлер» - 196 (7,3%), «Спортшылар» - 156 (5,8%), «Бизнесмендер» - 147 (5,4%), «Ғалымдар» - 125 (4,6%), «Билік өкілдері» - 101 (3,7%), «Дәрігерлер» - 83 (3,1%).

«Жастар өзін сенімді сезініп, дами алуы үшін не қажет деп ойлайсыз?»/Что, по Вашему мнению, необходимо, чтобы молодежь чувствовала себя уверенно и могла развиваться?» деген сұрақ бойынша «Лайықты жалақы» - 593 (22%), «Тұрақты жұмыс» - 497 (18,4%), «Тандау құқығы» - 487 (18%), «Өз кәсібін ашу мүмкіндігі» - 437 (16,2%), «Дамыған әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени инфрақұрылым» - 416 (15,4%), «Жеке тұрғын үй» - 148 (5,5%), «Құқық тәртібін қорғаудың жоғары деңгейі» - 122 (4,5%).

«Волонтерлік, еріктілік қызметімен айналысасыз ба?»/Занимаетесь ли Вы волонтерской, добровольческой деятельностью?» деген сұрақ бойынша «иә, белсенді қатысушысымын» - 693 (25,7%), «жоқ, бірақ жоспарда бар» - 952 (35,3%), «ешқашан қатыспағанмын, жоспарда жоқ» - 548 (20,3%), «иә, анда санда қатысып тұрамын» - 507 (18,8%).

«Сізді волонтер болуға не ынталандырады?»/Что побуждает вас заниматься волонтерской деятельностью?» деген сұрақ бойынша «жанашырлық, мұқтаж адамдарға көмек көрсету ниеті» - 1373 (50,9%), «жаңа қызығушылықтар, мүмкіндіктер» - 548 (20,3%),

«өз тәжірибемен бөлісуге дайын болу» - **327** (12,1%), «қарым қатынас қажеттілігі» - **217** (8%).

«Жастар ісі жөніндегі комитеті жұмысымен таныссыз ба?»/ Знаете ли вы о работе комитета по делам молодежи?» деген сұрақ бойынша «иә» - **1541** (57,6%), «жоқ» - **1136** (42,4%).

«Университетте студенттік парламент құру қажет пе?»/ Нужно ли создавать студенческий парламент в университете?» деген сұрақ бойынша «иә» - **1966** (72,8%), «жоқ» - **734** (27,2%).

«Студенттік омбудсмен қажет пе? (студенттер құқығын қорғаушы)»/Нужен ли студенческий омбудсмен? (защитник прав студенчества)» деген сұрақ бойынша «иә» - **2234** (82,7%), «жоқ» - **466** (17,3%).

«Университетімізде белсенді студенттерді қолдайды ма?»/Поддерживает ли наш университет активных студентов?» деген сұрақ бойынша «иә» - **2247** (83,2%), «жоқ» - **453** (16,8%).

«Студенттерді қоғамдық өмірге белсенділігін арттыру үшін қандай жағдайлар жасалуы керек деп ойлайсыз?»/Какие условия, по вашему мнению, необходимо создать для повышения активности студентов в общественной жизни» деген сұрақ бойынша «арнайы шәкіртақылар, гранттардың болуы» - **1052** (38,9%), «коворкинг орталықтар мен жеке кабинеттерінің болуы» - **758** (28,1%), «сабақ үлгеріміне көмек» - **466** (17,3%), «іс-шараларды қаржыландыру» - **375** (13,9%).

«Жастар ұйымдарының қызметіне, іс-шараларына қатысасыз ба?»/ Участвуете ли Вы в деятельности, мероприятиях молодежных организаций?» деген сұрақ бойынша «өз еркіммен қатысамын» - **1333** (49,4%), «жоқ қатыспаймын, уақытым тығыз» - **655** (24,3%), «жоқ, ол маған қызық емес» - **455** (16,8%), «жоқ бұрын естімеппін» - **168** (6,2%), «иә, мәжбүрлікпен қатысамын» - **90** (3,3%).

«Студенттер университетіміздің жастар саясатына араласпауының негізгі себебі?»/Основная причина, по которой студенты не вовлекаются в молодежную политику нашего университета?» деген сұраққа «сабақтан тыс уақыттың аздығы, сабақ кестесі ыңғайсыздығы» - **1413** (52,3%), «қызығушылығының жоқтығы» - **675** (25%), «жастар аясаты туралы ақпарат жеткіліксіздігі» - **301** (11,1%), «қолдау механизмдерінің жоқтығы» - **261** (9,7%).

«Қазақстандағы жаңалықтар мен оқиғалар туралы ақпарат алу үшін көбінесе қандай ақпарат көздерін пайдаланасыз?»/Какими источниками информации Вы пользуетесь чаще всего, чтобы узнать о новостях и событиях в Казахстане?» деген сұраққа студенттер «әлеуметтік желілер, блогтар» - **1973** (73%), «республикалық телеарналар» - **243** (9%), «Қазақстандық интернет-сайттар» - **221** (8,2%), «шетелдік интернет-сайттар» - **58** (2,1%), «жергілікті телеарналар» - **66** (2,4%), «жақын төңірегім» - **40** (1,5%).

«Университетіміздегі жаңалықтар мен оқиғалар туралы ақпараттарды қайдан аласыз?»/«Откуда получаете информацию о новостях и событиях в университете?» деген сұраққа студенттер «Instagram әлеуметтік желісіндегі @dulaty_university, @dulaty_jastary парақшаларынан» - **1855** (67%), «куратордан» - **454** (16,8%), «университет сайтынан» - **271** (10%), «факультет, институт деканатынан» - **89** (3,3%).

«Дулати университетінде оқитыныңызды мақтан етесіз бе?»/Вы гордитесь тем, что учитесь в Университете Дулати» деген сұраққа студенттер «иә» - **2291** (85%), «жоқ» - **412** (15%) жауаптарын берді.

«Университетімізде қандай форматтағы іс-шаралар көбірек ұйымдастырылғанын қалайсыз?»/Какого формата мероприятий вы хотели бы видеть больше в нашем университете?» деген атап көрсету қажет болған сұраққа студенттер

жайдарман ойындары, дебат ойындары, ректор балы, спорттық жарыстар көптеп ұйымдастырылса деген пікір білдірді.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Университет әкімшілігіне:

- Жастар ұйымдары мен клубтарының ауқымды іс-шараларын қаржыландыру, арнайы жеке кабинеттер берілуін қарастыру;
- Белсенді жастарды қолдау механизмдерін енгізу. (жастар ұйымдарының көшбасшыларына арнайы шәкіртақылар тағайындау, жастар ісі жөніндегі комитетінде 1 штаттық құрам ғана);
- Университет ректоры, институт директорлары және факультет декандарымен жастар ұйымдарының белсенділерімен кездесулер ұйымдастырып тұру;
- Студенттерге арналған ректор балы, ректор кубогіне арналған пікірсайыс турнирлерін, жастарға арналған республика көлемінде арнайы экскурсияларға баруға қолдау көрсетуін қарастыру;
- Оқу ғимараттарындағы қалташаларды коворкинг аумақтарын жасалуын қарастыру;
- Университет имидждік тауарларымен (свитшот, футболка, кепка, кружка, ту, блокнот, қаламсап және т.с.с. тауарлар) жастар арасында кеңінен қамтамасыз ету.

2. Институт директорлары және факультет декандарына, академиялық топ кураторларына:

- Студенттер арасында белсенді, азаматтық көзқарастарын ұстанатын студенттерді анықтап, жастар ұйымдарына қатысуына үгіт насихат жұмыстарын жүргізу арқылы ықпал ету;
- Оқу департаменті мен офис регистраторымен бірлесе отырып, сабақ кестелерін студенттердің жастар ұйымдарына қатысуына қолайлы оптималды етіп жасауға ықпал ету және студенттерді моральді, материалды түрде ынталандыру мәселелерін қарастыру;

3. Жастар ісі жөніндегі комитетіне:

- Жаңа форматтағы іс-шараларды көптеп ұйымдастыру.
- Қызығушылық бойынша клубтардың жұмысын жаңдандыру және кеңейтуін ұйымдастыру;
- «Студенттік Парламент» және омбудсмен жұмыстарын ұйымдастыру;
- «Жасыл Ел» бағдарламасы аясында студент жастардың барынша қатысуын қамтамасыз ету;
- «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен және ҰЕҰ бірлескен жұмыстарды күшейту.